БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 99 (9676) 1955 жылғы 20 май Жұма

жеке саны 20 тыйын. Шығуына 36 жыл.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі. ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганиннің сөзі (1-бет).

Вьетнам демократиялық республикасының президенті Хо Ши Мин жолдасқа құттықтаулар (1-бет).

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указдары (1-бет).

Қазақ ССР Министрлер Советінде (2-бет).

ОБЛЫСЫМЫЗДА ЖАҢА ЗАЕМҒА ЖАЗЫЛУ ҰЙЫМШЫЛДЫҚПЕН ЖҮРГІЗІЛУДЕ: **Р. Қожин.** — Совхоз жұмысшыларының белсенділігі. **Қ. Шұңғұлшин.** — Ұйымшылдықпен жазылуда (2-бет).

ЖҮГЕРІ ШАРШЫ-ҰЯЛЫ ӘДІСПЕН ЕГІЛСІН: **М. Нұрпейісов, С. Қанафин.** — Жүгері туралы сөз көп те, іс аз. **Д. Яворский.** — Ойланбаған іс осылай болар (3-бет).

Б. Қалиев. — Ленин ауданында егіс жұмыстарының қарқыны баяу, сапасы нашар (3-бет).

М. Тасимов. — Емтихан қарсаңында (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

Өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі

ССРО Министрлер Советінің Председателі

Н. А. БУЛГАНИННІҢ сөзі

Біздің кеңесімізді, деді Н. А. Булганин жолдас, партиямыздың Орталық Комитеті мен үкімет **ғылымның, техниканың және озат тәжрибенің табыстарын өндіріске кеңінен енгізу негізінде өнеркәсіпті онан әрі өрге бастыру шаралары туралы** мәселе талқылау үшін шақырып отыр.

Халық шаруашылығының жетекші саласы болып табылатын социалистік өнеркәсіп ұдайы өрлеу жолымен алға басып келеді. Біздің өнеркәсіпті өркендету қарқыны, әсресе ауыр индустрияны өркендету қарқыны басты-басты капиталистік елдерінің өнеркәсібінің өркендеу қарқынынан бірнеше есе жоғары болып отыр.

Үстіміздегі жылы өнеркәсіп өнімі шамамен 1950 жылғыдан 80 процент артық, ал соғысқа дейінгі, 1940 жылғыдан үш еседен аса артық өндіріледі. Өнеркәсібімізді өркендетудің бесжылдық жоспары сан көрсеткіштері жағынан ойдағыдай орындалып келеді, сондықтан бұл жоспар асыра орындалады деп ойлауға барлық негіздер бар.

Партия бізге қол жеткен табысқа жайбарақаттанып отырмауды, қайта шешілмеген міндеттерге және болып отырған кемшіліктерді жоюға көбірек көңіл бөлуді үйретіп келеді. Тұтас алғанда өндіріс жоспарларын орындаудың жалпы цифрлары тасасында, тапсырмаларды үнемі орындамайтын және елімізге өнімді әлдеқайда кем беретін көптеген кәсіпорындардың қалтарыс қалып отырғанын есте ұстау керек.

Булганин жолдас кеңестің талқылауына қойылып отырған мәселенің мемлекеттік зор маңызы бар екенін айтты. Техникалық прогрестің негізі болып табылатын ғылым мен техниканың ең жаңа табыстарын өндіріске енгізу ғана еңбек өнімділігін жедел арттыруды қамтамасыз ете алады, ал еңбек өнімділігі, Ленинніңайтуынша, сайып келгенде жаңа қоғамдық құрылыстың жеңуі үшін ең маңызды, ең басты іс болып табылады. Ленинизм ілімінде, Коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің барлық іс-әрекетінде, барлық шаруашылық, мәдениет, ағарту ісінде, барлық адамдардың ой-санасында, олардың іс-әрекетінде, мінез-құлқында, тіпті тіршілік етуінде, ойлауында, сезімдерінде, дүниетанымында — бәрінде, барлығында — ескі мен жаңаның, прогрессивтік пен артқалушылықтың, ілгерілеушілік пен тоқырау, тоқыраудың, ыдырау мен өлім алдындағы ыдырау мен өлім арасындағы, ескі мен жаңаның, ескі мен жаңаның, ескі мен жаңаның

ды.

Соңғы 26 жылдың ішінде біздің өнеркәсібімізде еңбек өнімділігі алты еседен аса артты.

Еліміздің халық шаруашылығын онан әрі өркендетуді қамтамасыз ету үшін еңбек өнімділігін жаңа сатыға көтеру қажет. Бұл міндетті жаңа техника мен озат технологияны өндіріске ұдайы және батыл енгізу, қазіргі машиналар мен жабдықтарды жетілдіру және өндірісті ұйымдастыру ісін түбірінен жақсарту нәтижесінде ғана шешуге болады.

Халық шаруашылығында жаңа техниканы дамытып, өндіріске енгізу және еңбек өнімділігін арттыру ісінде машина жасаушыларға ерекше зор роль берілін отыр. Машина жасаушылар еліміздің, техникалық прогресіне екі бағытта ықпал жасауда. Біріншi жағынан —бұл жаңа техниканы енгізу және машина жасау заводтарының өздерінде машиналар мен жабдықтар жасаған кезде еңбек өнімділігін арттыру, екінші жағынан — бүкіл халық шаруашылығында техникалық прогресті қамтамасыз ететіндей машиналар жасау және шығару.

Егер соғыс кезінде және соғыстан кейінгі алғашқы жылдарда машина жасау өнеркәсібінде үдемелі линиялар, автоматтық және жартылай автоматтық әдіспен пісіріп қыюластыру, металды шаншаң жону, жоғары серпінелі тоқтармен қыздыру сынықты және басқа бірқатар прогрестік жұмыс әдістері кеңінен енгізілген болса, қазіргі уақытта машина жасау өнеркәсібіндегі жаңа, технологиялық ірі шаралар жайында аз естіліп отыр. Біздің машина жасаушыларымыз негізінен қазірдің өзінде меңгерілген технологиялық процестерді қолданумен ғана тынып келеді, ал оның бер жағында еңбек өнімділігін бірнеше есе арттыруға, металл мен материалдар жұмсауды мықтап азайтуға және қазіргі өндіріс алаңында өнімді көбірек шығаруға мүмкіндік беретін жаңадан жасалған прогрестік технологиялық процестер бар.

Арнаулы жабдықтардың жеткіліксіз шығарылуы салдарынан станок паркінде мол өнімді жұмыс істейтін станоктардың үлес салмағы кеміп отырған біздің машина жасау өнеркәсібіміздегі жағдайды қолайлы деп тануға болмайды. Ұсталық-пресс жабдықтарын жасау ісі мықтап артта қалуда. Өндірісті автоматтандыру процестері баяу енгізілуде. Көптеген машина жасау заводтарындағы жабдықтар нашар пайдаланылады. Бізде шетелдердегі

Мұнай өнеркәсібі туралы айта келіп, Булганин жолдас былай деп көрсетті: жеке бұрғылау бригадалары өте шаншаң бұрғылау дәрежесіне жетті. Мысалы, «Татнефть» бірлестігіндегі мастер Мұғалим Минязович Гимазовтың бұрғылау бригадасы 1954 жылы 16 мың метрге жуық скважина бұрғылады, яғни айына бір станокпен 1300 метрден аса скважина бұрғылады. Бұл бригада жеке скважиналарды бұрғылауда айына бір станокпен 2,5—3 мың метрге дейін бұрғылау шаншаңдығына жетті.

Алайда, мұнай өнеркәсібін тұтас алғанда ол бұрғылау шаншаңдығы жөнінде, сонымен қатар, мұнайды қайта өңдеу саласында да артта қалып келеді.

Еңбек өнімділігін арттыру мәселелерінің, деді Булганин жолдас бұдан кейін, қолда бар техниканың саны мен дәрежесіне ғана емес, сонымен бірге бұл техниканы дұрыс пайдалануға да байланысты екенін айта кету керек. Мысалы, біздің көмір өнеркәсібіміздің— халық шаруашылығының неғұрлым механикаландырылған саласы екендігі жұртқа мәлім. Сонда бола тұрса да, ол еңбек өнімділігі жөніндегі тапсырмаларды орындамай келеді. Көмір өнеркәсібіндегі механикаландырудың комплексті болмай, көмір шығарудың тек негізгі процестерін ғана қамтып. отырғандығы көміршілердің жұмысына қолайсыз әсерін тигізуде.

Ағаш, жеңіл өнеркәсібінде және өнеркәсібіміздің басқа да салаларында қазіргі техниканы пайдалану, жаңа техника мен озат технологияны енгізу жөнінде елеулі кемшіліктер болып отыр.

Мұндай жағдайды немен түсіндіруге болады? СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі озат техниканы енгізу ісіндегі артта қалушылық өнеркәсіптің көптеген қызметкерлерінің жайбарақаттанып, дандайсуы, олардың тапсырылған іске мемлекет алдындағы жауапкершілік сезімін жоюы, техникалық саясаттағы перспектива мен бағдарлаудан айрылу салдарынан болып отырғанын әділ атап көрсетті. Техника әрдайым алға баса беруге тиіс, бұлай болмайынша, социалистік өндірісті өркендету мүмкін емес деген партияның нұсқауларын бірқатар қызметкерлер ұмытып кетті.

Біз ғылым мен техниканың өте шаншаң дамып отырған заманында, атом қуаты заманында өмір сүріп отырмыз. Өнеркәсіптің басшы және инженер-техник қызметкерлерінің қазіргі заманғы табыстарды дұрыс бағалап, қолдана білуін, ғылым мен техниканың бұдан былайғы дамуын ал-

наларды жетілдіру керек, сөйтіп оларды неғұрлым тиімді пайдалану керек.

Жаңа техниканы енгізу мәселесін мемлекеттік тұрғыдан халық шаруашылығына барынша зор пайда келтіре отырып шешу керек. Техниканы экономикадан бөле қарауға болмайды. Жаңа техниканы енгізудің қандайы болса да экономикалық жағынан дәлелдеп беруді, есептер жасауды, алдын-ала тексеруді талап етеді, ал мұның өзі көп жағдайда ұмытылып жүр.

Булганин жолдас бұдан кейін былай деді: озат техниканы енгізу және еңбек ұйымдастыруды жақсарту мәселелерін оқшаулап, өндірістен шұғылданып жатқан адамдармен байланыстырмай қарауға болмайды. Жұмысшылар, техниктер, инженерлер, конструкторлар, технологтар бұл іске кеңінен қатыспайынша, ғылым мен өндіріс қызметкерлері үнемі творчестволық ынтымақ жасамайынша, ешнәрсеге де жете алмайсың. Технологтер кадрларының жайына ерекше көңіл бөлу керек. Олардың ролін арттырып, технологиялық ғылымды ілгері бастыру керек. Конструкторлық ұйымдар мен ғылми-зерттеу ұйымдарының жұмысында елеулі кемшіліктер бар. Бұлардың кейбіреулері өндіріспен байланысы нашар бола тұрып, қазіргі уақытта мүлде ескіріп қалған машиналарды немесе технологияны өнеркәсіпке ұсынып жүр. Ұзақ уақыттан бері нәтижесіз жұмыс істеп, бағалы ешнәрсе де жасамай отырған ғылыми мекемелер де аз емес.

Еңбек өнімділігін арттыру және жаңа техниканы меңгеру ісінде социалистік жарыс әрқашан да зор роль атқарып келді және бұдан былай да атқара береді. Сонымен бірге соңғы жылдары біздің шаруашылық қызметкерлеріміздің, сондай-ақ партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының социалистік жарысқа көңіл бөлуі бәсендеп кеткенін атап айту қажет.

Қазіргі уақытта социалистік жарыстың негізгі міндеті өндіріс озаттарының тәжрибесі мен табыстарын кеңінен тарату болып табылады. Бірақ өндіріс жаңашылдары мен озаттары ойдағыдай қосталмай, олардың тәжрибесі жеткіліксіз таратылып, бұқараның игілігіне айналмай келеді.

Өнертабыс саласында да елеулі кемшіліктер бар. Өнертабыстар мен рационализаторлық ұсыныстарды қарау көп жағдайда ұзаққа созылады. Бұл уақыттың ішінде көптеген өнертабыстар мен рационализаторлық ұсыныстар ескіріп қалады да, оларды өндіріске енгізудің мәні жойылады.

Бұл мәселелердің бәрін осы кеңесте талқылап, оларды егжей-тегжейлі анықтап алу және жаңа техниканы енгізуге бөгет болып отырған кемшіліктерді неғұрлым тез жою шараларын енгізу қажет

рын қолдану есебінен қосымша өнімді қаншалықты көп алуға болатынын өндіріс жаңашылдарының тәжрибесі көрсетіп отыр. Алайда, өндірісті ұйымдастыру ісін жетілдіруде ойдағыдай инициатива көрсетпей отырған қызметкерлер өнеркәсіпте әлі де аз емес.

Өнеркәсіпті ұйымдастырудағы кемшіліктер кәсіпорындарды басқару құрылымынан айқын көрінуде. Партия мен үкімет басшылық етудің кеңесшілдік-бюрократтық стилін батыл жоюды, басқару аппаратының адам санын қысқартуды, оның жұмысын жетілдіріп, басшылық ету сапасын арттыруды талап етіп отыр. Партияның бұл нұсқаулары әлі күнге дейін жеткіліксіз орындалып келеді. Орташа және шағын кәсіпорындарда басқару құрылымының, әдетте, ірі заводтар басқармаларының құрылымынан ешқандай дерлік айырмасы жоқ. Мысалы, құрылыс және жол машиналарын жасау өнеркәсіп министрлігінің Харьков жол машиналарын жасау заводына 273 жұмысшыға 10 бөлім, 6 өндірістік цех болып отырғанын, ал завод басқармасының штаттарында 88 адам бар екенін қолайлы жағдай деп сануға болмайды. Мұның өзі мемлекетке қандай қымбатқа түсіп, өнімнің құнына қандай ықпалын тигізіп отырғанын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Завод басқармаларының құрылымын жақсарту керек, керексіз буындарды жойып, ұсақ цехтар мен бөлімдерді іріландыру керек.

Біз, деді Булганин жолдас бұдан кейін, екі қоғамдық система арасындағы экономикалық жарыста неғұрлым прогрестік система болып табылатын социалистік системаның жеңіп шығатындығына күмәнданбаймыз. Бірақ жеңістің өздігінен келмейтіні —жеңісті адамдар ұйымдастырып, солар жасайтыны жұртқа мәлім. Экономикалық жарыста капитализмді жеңу үшін біз озат техника жасауға, өндірісті неғұрлым жақсы ұйымдастыруға және еңбек өнімділігін анағұрлым арттыруға міндеттіміз.

Бізде тұтас коллективтердің жақсы жұмыс істеп отырғандығының көптеген мысалдары бар, бұл коллективтер, жаңа техниканы енгізу және өндірісті ұйымдастыру ісін жақсарту жолымен алға баса отырып, еңбек өнімділігін арттыруда және шығарылатын өнімнің сапасын жақсартумен бірге, оның өзіндік құнын кемітуде.

Бұлардың кейбіреулерін атап өтейін. Бұл —Магнитогорск металлургия комбинатының, Донец бассейніндегі «Западная капитальная» шахтасының, Туймаза му-

лау комитетін қайта ұйымдастыру туралы қарар қабылданып, бұл жұмыс ССРО халық шаруашылығын перспективалы жоспарлау ісін түбірінен жақсарту міндетіне негізделіп отыр. Осыған байланысты халық шаруашылығын өркендетудің перспективалы жоспарларын жасауды ағымдағы жоспарлау ісінен бөлуге ұйғарылды, бұл үшін қазіргі Мемлекеттік жоспарлау комитетінің негізінде ССРО Министрлер Советінің халық шаруашылығын перспективалы жоспарлау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы (ССРО Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы) және ССРО Министрлер Советінің халық шаруашылығын ағымдағы жоспарлау жөніндегі экономикалық комиссиясы (ССРО Экономикалық комиссиясы) құрылатын болады.

Сонымен қатар жаңа техниканы енгізу жөнінде мемлекеттік комитет құру туралы қарар қабылданды, бұл комитет министрліктердің осы саладағы жұмысын бағыттап, бір ізге салып отырады. Басқа шаралар да әзірленуде. Булганин жолдас сөзінің қорытындысында кеңеске қатысушыларды, СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің пікірінше, ерекше маңызды болып табылатын мынадай мәселелерге баса көңіл бөлуге шақырды:

1. Озат техниканы неғұрлым тез жасап, енгізу, еңбек өнімділігін мықтап арттыру үшін өндірістің технологиясын және өндірістің ұйымдастырылуын жетілдіру.

2. Қолда бар жабдықтар мен қазіргі өндіріс алаңдарын неғұрлым жақсы пайдалану.

3. Мемлекеттік тәртіпті нығайту және тағаяндағы міндет ретінде, үстіміздегі жылдың—бесінші бесжылдықты аяқтайтын жылдың мемлекеттік жоспарын әрбір кәсіпорнының барлық көрсеткіштер бойынша орындауы және асыра орындауы.

4. Өнеркәсіпте әкімшілік-басқару аппаратын қысқарту және арзандату.

Кемшіліктерді батыл сынау, деді Булганин жолдас, Орталық Комитет пен Үкметтің өнеркәсіптегі ғылым мен техниканың табыстарын енгізу ісінің жайын, өндірісті ұйымдастыру ісіне терең зер салып анықтауына, бұл мәселелерге жұрытшылығымызды қатыстыруына және болып отырған кемшіліктерді тезірек жою жолдары мен құралдарын белгілеуіне көмектеседі.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль
17 май, 1955 жыл.

Е. О. Лернер-Орленкова жолдасты Ленин орденімен наградтау туралы

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Е. О. Лернер-Орленкова жолдастың қоғамдық-саяси қызметіне 50 жыл толуына байланысты және оның революциялық қозғалысқа белсене қатысқаны атап көрсетіліп, Елена Осиповна **Лернер-Орленкова** жолдас **Ленин** орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль
17 май, 1955 жыл.

Ойылдың тары өсіруші жастары

ОЙЫЛ, (Ақтөбе облысы). (ҚазТАГ). Тары егілетін суармалы участоктер Ойылдың алқабында ондаған километр жерді алып жатыр. Жастар тарыдан мол өнім өсіру күресіне аттануда. Ойыл ауданының Аманкелді атындағы колхозында егіс бригадасының бұрынғы бригадирі жас колхозшы Қарабай Насырин комсомол-жастардың звеносына басшылық етеді. Ертай мен Ескүл Жұмабаевтар, Саным Артықбаева және басқалары осы звенода еңбек етуге тілек білдірді. Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушы Жолбатыров жолдас тары өсіруші жастарға көмек көрсетуде. Ол тарыны қай кезде егу, қалай егу, топырақта қаншалықты тығыздық енгізу керектігі, бірінші рет суаруға қай кезде кірісу жөнінде кеңес берді, өзінен үйренген тәжрибелі тарышы Артықбай Масинді жастар звеносына жіберді.

Қарабай Насырин басқарған звеноның участогінде 13 майда двигатель жұмыс істеп, егін алғашқы рет суарыла бастады. Аманкелділіктер өздеріне бекітіп берілген 35 гектар участоктің әр гектарынан орта есеппен 35 центнер тары жыйнауға уәде берді және «Көктоғай» ауылшаруашылық артелінің жас колхозшыларын жарысқа шақырды.

Тары өсіруші жастардың звенолары мұнымен қатар Шығанақ Берсиев атындағы колхозда, ауданның басқа да шаруашылықтарында құрылды.

ӨНЕРКӘСІП ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БҮКІЛОДАҚТЫҚ КЕҢЕСІ

17 майда Кремльдің Үлкен Сарайында өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі өзінің жұмысын онан әрі жүргізді.

Таңертеңгі мәжлісте бірінші болып Уралмаш заводының директоры **Глебовский** жолдас сөз сөйледі. Бұл кәсіпорын металлургия, кен-руда, мұнай өнеркәсібіне және халық шаруашылығының басқа салаларына негізгі жабдықтарды беріп тұратын ірі кәсіпорын болып табылады. Мұнда 1954 жылы бұйымдар шығару 1940 жылмен салыстырғанда 5,5 есе артты.

Глебовский жолдас былай деді: кәсіпорындар жаңа техниканы енгізуге экономикалық жағынан мүдделі болуға тиіс. Жаңа машиналар жасау тиімді болатындай, ал ескі машиналар мен шығылдану тиімсіз болатындай жағдай тудыру керек. Завод басшыларының праволарын ұлғайту қажет, олар министрліктердің ұсақтүйек қамқорлық жасауынан құтқарылуға тиіс. Сонымен бірге мастерлердің өндірістегі ролін арттыру өте маңызды.

Шешен бұдан кейін өндірісті кооперациялау және арнап бейімдеу мәселесіне тоқталды. Көп жағдайда белгілі бір машиналар қатарынан бірнеше кәсіпорында жасалады. Мысалы, шахта машиналарын бірнеше завод жасап шығарады. Доңна крандары мен басқа жабдықтар шығару ісінің жайы да осындай. Ал оның бер жағында Уралмаш заводының номенклатурасы өте көлемді — ол сирек кездесетін зор престерден бастап балта мен ожауға дейін шығарады. Тәуелсіз уақытта машина жасау кәсіпорындарын жалпы пайдаланылатын бөлшектермен қамтамасыз ететіндей заводтар салу керек. Мұның өзі жабдықтарды анағұрлым жақсы пайдалануға мүмкіндік береді.

Москваның қатты қосындылар комбинатының директоры **Соловьев** жолдасқа сөз берілді. Ол тәуліктік графикті енгізу жөнінде жүргізілген зор ұйымдастыру жұмысы туралы айтты

Өзбекстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің секретары **Мельников** жолдас республикада соңғы жылдардың ішінде өнеркәсіптің өркендегені туралы айтып, негізінен өнеркәсіптің кейбір салаларының жұмысындағы кемшіліктерге баса көңіл бөлді. Елеулі кемшіліктердің бірі мемлекеттік жоспардың өлі күнге дейін әрбір кәсіпорын үшін заңға айналмағандығы болып табылады. Кәсіпорындардың көп бөлегі белгіленген тапсырмаларды жыл сайын орындамай келеді. Өнеркәсіптің бірқатар салаларында еңбек өнімділігін онан әрі арттыруға еңбекті көп керек ететін көмекші жұмыстарды механикаландыру дәрежесінің төмендігі бөгет болып отыр.

Бұдан кейін Харьков турбина заводы[illegible] Иванов жолдас сөз сөйледі. шаралар туралы, электр станцияларындағы негізгі процестерді автоматтандыру және көмекші жұмыстарды механикаландыру әдісін онан әрі енгізу жөніндегі жұмыстар туралы айтты. Ол өзінің шахталары электр станцияларына сапасы төмен көмір беріп отырған СССР Көмір өнеркәсіп министрлігіне талаптар қойды.

Трибунада—Харьков трактор заводының фрезеровщигі **Лупандин** жолдас. Еңбектегі жоғары көрсеткіштерге өзінің қандай жолмен жеткендігі туралы айтып келіп, Лупандин жолдас тәжрибе алысуды ұйымдастыру ісіндегі кемшіліктерді атап көрсетті. Тәжрибені жұмыс орнында тікелей алысып отыру қажет. Озат жұмысшы басқа кәсіпорынға барып, станоктың қасында білек сыбанып жұмыс істеуге, сөйтіп, мол өнімді еңбекті қалай ұту керек екенін көрсетуге тиіс. Ол былай деді: СССР Жоғарғы Советінің бірінші сессиясында сөйлеген сөзінде Н. С. Хрущев жолдас, егер Харьковтың трактор жасаушылары сталинградтықтардың жұмысын зерттесе, ал сталинградтықтар біздің тәжрибемізді зерттеп үйренсе, мұның өзі аса зор экономикалық пайда келтіреді, бұл кәсіпорындардың екеуі де жұмыстың өнімділігін арттырады, деп әділ көрсеткен болатын. Бірақ, осыған қарамастан, бұл партия комитеті де (менің біз деп тұрған себебім менің өзімде партия комитетінің мүшесімін), заводтың директоры да бұл мәселемен терең шұғылданбай келдік.

Өнеркәсіпте, деп атап көрсетті Лупандин жолдас, еңбекті нормалау және ақы төлеу ісінде осы уақытқа дейін ойдағыдай тәртіп орнатылған жоқ. Ол бірқатар мысалдар келтіре отырып, мамандығы бірдей жұмысшылар орындайтын белгілі бір жұмысқа ақының түрліше төленіп жүргенін көрсетті.

—Свердлов облысының жұмысшылары, инженерлері, техниктері және қызметшілері,—деді СОКП Свердлов облыстық комитетінің секретары **Козлов** жолдас,—партиямыз бен еліміз алдындағы жауапкершілігін терең түсіне отырып, бесінші бесжылдықтың жоспарын мерзімінен бұрын орындау және еңбек өнімділігін арттыру үшін күресуде. Облыстың өнеркәсібі бесжылдықтың төрт жылының тапсырмасын мерзімінен бұрын орындап, тапсырмаға қосымша 2 миллиард сомның дерлік өнімін берді. Бұл істе жаңа техникамен озат технологияны қолдану, еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру және бірқелкі жұмыс істеуді ұйымдастыру зор роль атқарды.

Бірақ біз, деді шешен, өндірістің резервтерін әлі де нашар ашып, өнеркәсіпке басшылық ету ісіндегі кемшіліктерді жою жолындағы күреске облыстық партия ұйымының барлық күшін жұмылдыра көптеген кәсіпорындарда еңбек өнімділігін арттыруды тежеп отыр.

Москваның Сталин атындағы автомобиль заводының директоры **Крылов** жолдас металлургия өнеркәсіп орындарының заводқа сапасы қанағаттанғысыз металл беріп отырғаны туралы айтты. «Красный октябрь», «Серп и молот», «Запорожсталь» заводтары және басқалары осындай кәсіпорындардың қатарына жатады.

Шешен былай деп санайды: программаны орындау және асыра орындау үшін сыйлық берудің қазіргі системасын өзгертіп, жаңа техниканы белсене енгізетін кәсіпорындарды ынталандыру шараларын белгілеу қажет.

Крылов жолдас былай деп мәлімдеді: заводтың коллективі кәсіпорынды түбірінен қайта құру туралы ұсыныстар белгіледі. Ең жаңа техниканы енгізу және өндірісті ұйымдастыру ісін жақсарту есебінен өндірістің қазіргі дерлік алаңында және жұмысшылардың қазіргі саны мен автомобильдер шығаруды шамамен екі есе арттыруға ұйғарылып отыр.

Ново-Крамоторскінің Сталин атындағы машина жасау заводының (Донбасс) бас инженері **Карпов** жолдас сөзінің едәуір бөлегін жаңа жабдықтарды өндіріске енгізу мәселелеріне арнады. Машинаны ойлап табушы—конструктор мен машинаны жасап шығарушы —технологтің арасында шамадан тыс көп сатылы буындар бар. Министрліктердің жанында құрылған техникалық советтер өздерінің қарауына тапсырылатын машиналардың конструкциясына ешқандай дерлік ықпал жасамайды. Егер конструкторлар заказ берушілермен кездесетін болса, мұның өзі көп пайда берген болар еді.

Карпов жолдас заводты онан әрі өркендетудің басты жолдары оны арнап бейімдеу және номенклатураны азайту болуға тиіс екенін атап көрсетті.

«Главприморрыбпромның» бас инженері **Дрсздов** жолдасқа сөз берілді. Приморье, бассейнінің балық өнеркәсібінің жұмысы, деді ол, өткен жылы Н. А. Булганин, А. И. Микоян, Н. С. Хрущев жолдастар Қыйыр Шығыста болған кезде, олардың тарапынан қатты және әділ сынылды. Үстіміздегі жылы жағдай сәл өзгерді. Төрт айдың жоспары балық аулау, консерв өндіру, жалпы өнім шығару және басқа көрсеткіштер жөнінде асыра орындалды. Ашық теңізде, жағалаудан алыста балық аулау жұмысы ұйымдастырылды, мұның өзі бүкіл жыл тәулігі бойында балықты біркелкі аулауды қамтамасыз етіп, Тынық Мұхиттың балық байлықтарын неғұрлым толық пайдалануға мүмкіндік беруде. Дроздов жолдас бұдан кейін балық өнеркәсібінің жұмысындағы елеулі кемшіліктерді, кәсіпшілік флотының көп уақыт босқа тұратынын, кәсіпорындардың өнді[illegible] пайдалану[illegible]

ЛЕНИНГРАД. «Лесное» совхозы еліміздегі алғаш ұйымдасқан мал шаруашылығы совхоздарының бірі. Совхозда өткен жылы жоспар бойынша әрбір сыйырдан 5 мың литр сүт сауу белгіленсе, ол 5460 литр болып артығымен орындалды. Совхоз коллективі үстіміздегі жылы әрбір сыйырдан орта есеппен 6050 литрден сүт саууды жоспарлап отыр.

СУРЕТТЕ: бұзау күтуші **П. К. Лысько.** Ол соңғы сегіз жыл ішінде 1300 бұзауды шығынсыз өсірді.

(СОТА-ның фотохроникасы).

ЖАҢА ҚҰРЫЛЫСТАР

«Молодежный» совхозында жұмысшылар үшін тұрғын үйлер және басқа қоғамдық құрылыстар салу жұмысы алғашқы күннен бастап-ақ қолға алынған болатын. Быйыл мұнда қыс түскенге дейін төрт пәтерлі 15 үй, екі пәтерлі 11 үй, 8 пәтерлі 1 үй және 100 кісілік жатақхана салынып, жұмысшылардың пайдалануына берілуге тиіс. Сол сыяқты, 80 адамға арналған асхана, 250 орынды бар клуб, нан пісіретін орын, магазин, мектеп және стадион салынбақ. Совхозда әртүрлі мастерскойлар, 3200 тоннальқ астық қоймасы және басқа шаруашылық орындарының құрылыстары болады.

Совхоз құрылысшылары көзірдің өзінде төрт пәтерлі бес үйдің құрылыс жұмыстарын аяқтап, пайдалануға берді. Жақында тағы да осындай бес үйдің құрылысы аяқталмақ. Көктем егісі аяқталысымен құрылыс жұмыстарын онан әрі өрістету мақсатында арнаулы үш құрылыс бригадасын ұйымдастыру белгіленіп отыр.

Механизаторлар мен жұмысшылардың тұрғын үйлерін радиоландыру, электрлендіру және совхоз посселкасын көгалдандыру жұмыстарына да көп көңіл бөлінеді. Мұнда үш гектар аланда жеміс бағын жа[illegible]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНДЕ

Республикада картоп отырғызудың және овощь егудің барысы туралы

Қазақ ССР Министрлер Советі республиканың кейбір облыстарында картоп отырғызудың және овощь дақылдарын егудің барысы мүлде қанағаттанғысыз екенін атап көрсетті. Республиканың Ауыл шаруашылығы, Совхоздар, Түсті металлургия, Ет және сүт өнімдері өнеркәсіп министрліктері, Қазақстанның кәсіпшілік советі және бірқатар өнеркәсіп орындары СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының қарарларынан тиісті қорытынды жасамады, мемлекеттік дайындау, тұқым қорын құю жоспарын орындау үшін, сол сыяқты халықтың қажетін өтейтін және мал шаруашылығын азықпен қамтамасыз ететін көлемде картоп отырғызу мен овощь дақылдарын егуді ұйымдастыру үшін қажетті шаралар қолданбады.

15 майға дейін картоп отырғызу жоспары колхоздарда — 24,4 процент, совхоздарда — 15,5 процент, овощь дақылдарын егу жоспары колхоздарда — 29,2 процент, совхоздарда — 34,5 процент орындалды. Әсресе Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Павлодар және Ақмола облыстарының колхоздары мен совхоздарында, Түсті металлургия министрлігінің азық-түлікпен жабдықтау орындарында, «Карагандауголь» комбинатының жұмысшыларды жабдықтау бөлімдерінде картоп отырғызу және овощь дақылдарын егу нашар ұйымдастырылған. Қазақ ССР-інің Ет және сүт өнімдері өнеркәсіп министрлігі мен Балық өнеркәсіп министрлігінің шаруашылықтары картоп отырғызуға және овощь егуге әлі кіріскен жоқ.

Республиканың Денсаулық сақтау, Оқу және Сауда министрліктері картоп пен овощь дақылдарын көмекші шаруашылықтарда егін өндіру есебінен балалар мекемелерін, ауруханаларды және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын картоппен және овощьтармен қамтамасыз ету жөнінде жеткілікті қамқорлық жасамайды.

Колхозшылардың, жұмысшылар мен қызметшілердің өз огородтарында картоп отырғызу мен овощь егу ұйымшылдықпен өткізілмей отыр.

Министрлер Советі бірқатар колхоздарда, совхоздар мен өнеркәсіп орындарының және мекемелердің көмекші шаруашылықтарында картоп отырғызу және овощь егудің сапасына, әдістеріне елеулі көңіл бөлінбей, овощь пен картоп өсірудің прогрестік әдістерін — шаршы-ұялап егу әдісін, көшеттерді шірінді-топырақ құмыраларында өсіруді және басқа әдістерді нашар енгізіп отырғандығына мүлде жол беруге болмайды деп санайды. Оңтүстік Қазақстан облысының колхоздары мен совхоздарында картоп отырғызылуға тиісті егіс көлемінің жартысынан азы шаршы-ұялы әдіспен отырғызылды. Жамбыл об[illegible]

овощь дақылдарын егу жоспарын сөзсіз және дер кезінде орындау жөнінде тиісті талаптар қоймайды, картоп пен овощь дайындаудың және олардың тұқымдық қорларын қүюдың мемлекеттік жоспарын орындауды, халықтың картоп пен овощь жөніндегі қажетін қанағаттандыруды қамтамасыз етуге олардың жауапкершілігін арттыруға тезін келеді.

Аталған кемшіліктерді жоюды, картоп отырғызу және овощь дақылдарын егуді дер кезінде өткізу мақсатын көздеп Қазақ ССР Министрлер Советі республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігінен (Мельник жолдас), Совхоздар министрлігінен (Власенко жолдас), облыстық және аудандық атқару комитеттерінен әрбір колхоз бен совхозда картоп отырғызу мен овощь дақылдарын егу жоспарын ең таяу күндерде орындауды қамтамасыз ететін шұғыл шаралар қолдануды талап етті.

Түсті металлургия, Ет және сүт өнімдері өнеркәсіп, Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрліктерінің және республиканың көмекші шаруашылықтары бар басқа министрліктері мен ведомстволарының басшылары қажетті мөлшерде картоп отырғызуды және овощь дақылдарын егуді дер кезінде өткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

Облыстық және қалалық атқару комитеттеріне көмекші шаруашылықтардың картоп отырғызуды, овощь дақылдарын егуді дер кезінде және сапалы өткізуіне күнбе-күн бақылау жасап, оларға практикалық көмек көрсету жүктелді.

Колхоздардан, колхозшылардан, көмекші шаруашылықтардан тұқымдық мақсатқа арналған картоп сатып алу ісін күшейтіп, барлық сатып алынған картопты картоп отырғызудың жоспарын орындау үшін облыстың өзінде отырғызуға пайдалануды Қазақ ССР Министрлер Советі Қазақстанның тұтынушылар одағынан (Царев жолдас) және облыстық атқару комитеттерінің председательдерінен талап етті.

Колхоз председательдері, МТС және совхоз директорлары, көмекші шаруашылықтардың, өнеркәсіп орындары мен мекемелердің басшылары картоп отырғызуда және овощь дақылдарын егуде негізінен шаршы-ұялы әдісті қолдануға, тұқым отырғызатын машиналардың өнімді пайдаланылуын қамтамасыз етуге, сол сыяқты тұқымды қолдан отырғызуды ұйымдастыруға міндетті.

Қазақ ССР Министрлер Советі аудандық атқару комитеттеріне, МТС және совхоз директорларына, колхоз председательдеріне егісті неғұрлым тез аяқтап, егінді күту жұмысын жүргізу үшін овощь өсіретін бригадаларды қалыпқа келтіруді, ол бригадаларды қажетті мөлшерде адам күшімен

1955 жылдың өткен айларының өзіндеақ жылдық нормамды орындадым және соғыстан кейінгі уақытта 23 жылдың нормасын орындап шықтым, деген шешеннің мәлімдемесін кеңеске қатысушылар қолшапалақтап қарсы алды. Кисляков жолдас 25 жылдан бері токарь болып істеп келеді. Ол 1952 жылы мінсіз сапалы жұмыс істейтін, құрамына жастар кірген үдемелі бригада құрушы инициаторлардың бірі болды. Бригада байырғы жұмысшылар мен жарысқа түсті, бұл жарыс кәсіпорынының өнім сапасын жақсартуына және жоспарды орындауына көмектесті.

ССРО Мұнай өнеркәсіп министрі **Байбаков** жолдас мынаны хабарлады: үстіміздегі бесжылдықта мұнай шығарудың жылына орта есеппен өсуі соғысқа дейінгі бесжылдықпен салыстырғанда бірнеше есе артады. Бұған мұнайы мол жаңа кендердің өсіресе Волга мен Урал арасындағы аудандарда жаңа кендердің ашылғандығы мүмкіндік беріп отыр.

Мұнай өнеркәсібінде, деп атап көрсетті министр, оны неғұрлым ойдағыдай өркендетуге кедергі болып отырған елеулі кемшіліктер әлі де көп. Мұның өресе бұрғылау жұмыстарын ұйымдастыруға қатысы бар. Бұрғылау жұмыстарының көлемін арттыру көбінесе станоктарды көбейту есебінен жүргізіліп келді де, тек болмашы дәрежеде ғана бұрғылау шаншаңдығын арттыру есебінен жүргізілді.

Байбаков жолдас бұдан кейін газ кендерін пайдалану, жаңа технологияны енгізу, мұнай шикізатын қайта өңдеу ісіндегі кемшіліктерге тоқталды.

«Главуралэнерго» бастығы **Маринов** жолдас өзінің сөзін Уралда энергетика системасын өркендетуге арнады. Қуаттардың жедел арттырылып, жаңа техникамен жабдықталып отырғанына қарамастан, деді ол, Уралда электр қуатымен жабдықтау ісінде әлі де қыйыншылық туып отыр. Электр станцияларының жобалағы техникалық-экономикалық көрсеткіштерге жетуі баяу, ал технологиялық процестерді автоматтандыру қамтушы қызметкерлерді қысқарту ісімен қатар жүргізілмейді. Электр қуатын беретін жүйелерді дамыту Урал энергетиктерінің аса маңызды міндеті болып табылады. Электр қуатын беретін линиялардың жеткіліксіз болуы салдарынан Челябинск облысы мен Башқұрт АССР-інде артылып қалатын қуаттар пайдаланылмай келеді. Электр жүйелерін дамытуды жоспарлайтын мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Электр станциялары министрлігі «Главэлектрсетьстройдың» мүмкіндіктеріне сүйенеді, ал бұл ұйымның қуаты әлсіз, құрылыс жұмыстарының жоспарын бірқатар жылдар бойы орындамай келеді.

Маринов жолдас электр станциялары ның қамтушы қызметкерлерінің санын қысқарту жөнінде қолданылып жатқан білмедік. Партия ұйымы үшін резервтерді ашу жолында күрес жүргізудің мәнісі—еңалдымен, адамдар арасындағы жұмысты жақсарту деген сөз. Бұл бағытта жүргізіліп жатқан шаралар көзірдің өзінде кейбір жақсы нәтижелерін берді. Бірақ бұл нәтижелер әлі де жеткіліксіз.

Уралда шойын өндіруді онан әрі арттыру үшін Качканар темір рудасы кенін пайдалану қажет. Мұның өзі Урал металлургиясын алдағы талай ондаған жылдар бойы өркендетуді қамтамасыз етеді. Байыту және агломерация фабрикаларын кешеуілдетпей сала бастау керек.

Шешен Түсті металлургия министрлігін Уралдағы мыс рудаларының жаңа кендерін баяу пайдаланып отырғаны үшін сынады.

Таңертеңгі мәжілісте сонымен қатар химия өнеркәсібі ғылми-зерттеу институты директорының орынбасары **Якименко** жолдас, ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп тоқарлар министрлігінің техникалық басқармасының бастығы **Петров** жолдас, ССРО Ғылым академиясының бас ғылми секретары академик **Топчиев** шығып сөйледі.

* * *

Кешкі мәжілісте Ленинградтағы Киров заводының директоры **Исаев** жолдас бірінші болып сөйледі. Ол кәсіпорындардың конструкторлық бюроларының ойдағыдай жұмыс істеуі үшін машиналардың жеке тораптарын жасау жөнінде эксперименттік жұмыстар жүргізуге мүмкіндік беретін конструкторлық-тәжрибе базаларының зор маңызы бар екені туралы айтты.

Исаев жолдас кәсіп орындардың коллективтері жаңа машиналар жасап шығару мүдделі болатындай жоспарлау системасын жасауды ұсынды. Завод директорларының праволарын ұлғайту, ірі кәсіпорындардың технологиялық-жобалау топтарын құруына мүмкіндік беру қажет, мұндай топтар қол жеткен тәжрибенің негізінде жаңа өндіріс ұйымдастыру мәселелерін талдап шешкен болар еді.

КБОС председателінің орынбасары **Соловьев** жолдас өзінің сөзінде партия мен үкімет өнеркәсіп қызметкерлерінің алдына қойған міндеттерді орындауға жұмысшылар мен қызметшілердің творчестволық инициативасын жұмылдыру ісіндегі кәсіподақ ұйымдарының міндеттеріне тоқталды. Бұл істе социалистік жарыс зор роль атқарады. Кәсіподақ ұйымдары, деді Соловьев жолдас, өндірістік кеңестер өткізу сыяқты жұмысшылардың творчестволық белсенділігін өрістету системасын нашар пайдаланады, ал мұндай кеңестер жаңа техниканы енгізудегі және еңбек ұйымдастыруды жақсартуда маңызды роль атқара алады.

Еңбекті нормалау және жалақыны ұйымдастыру ісіндегі елеулі кемшіліктер, деп атап көрсетті шешен бұдан кейін, тынын атап көрсетті.

Кеңесте, деді шешен бұдан кейін, жобалау ұйымдарын өндіріске жақындату керек екені туралы көп айтылды. Бұл өте дұрыс. Кейде істің жайы мүлде қолайсыз болып жүр. Мысалы, краб өңдейтін станоктар Москвада, Владивостокпен 10 мың километр алыс жерде конструкцияланып жасалып келеді.

Димитров атындағы № 5/6 шахтаның (Донбасс) участок бастығы **Бридько** жолдастың сөзі зор ықласпен тыңдалды. Ол өз участогінің жұмысты цикл алу графигі бойынша қалай істейтіні туралы айтты. Коллектив 8 жылдың ішінде жоспардан тыс 146 мың тонна көмір берді. Жұмысшылардың еңбек өнімділігі екі есе дерлік артты.

Участоктердің көптеген басшылары, деді Бридько жолдас, график жасау керек, онда кімнің қандай жұмысты орындайтынын көрсетіп беру керек, міне сонда істің өзі-ақ алға басады деп санайды. Соның өзінде басты адамдарды, график орындаушыларды ұмытып жүр. Лаваларлардағы барлық тәртіпсіздіктердің көпшілігі кейбір командирлердің жұмысшылар еңбегін дұрыс ұйымдастыра білмеуінен оларға үнемі бағыт сілтеп, оларды үйретіп отырмауынан болып отыр деп сеніммен айтуға болады. Адамдар арасында жұмыс істеу табысқа жетудің шешуші шарттарының бірі.

Біздегі участоктің коллективі —ынтымағы жарасқан, қолынан жұмыс келетін тамаша коллектив. Барлық кеншілерді бірбірімен жолдастық, ортақ табысқа жету жолындағы күресте өзара көмектесу сезімі біріктіріп отыр.

Бридько жолдас конструкторларға тілек қойып комбайнға арналған неғұрлым қуатты транспортер жасап беруді өтінді. Конструкторлар мен машина жасаушылар шахталарда жиі-жиі болып тұруға, машиналарда жұмыс істейтін адамдармен өңгімелесуге, өз машиналарын жұмыс үстінде байқап, зертеуге тиіс.

Станок жасау және аспап жасау өнеркәсіп министрі **Костоусов** жолдас былай деді: министрлік станок жасау өнеркәсібіндегі кемшіліктерді жою шараларын белгіледі. Атап айтқанда, ескірген станоктарды ауыстыру жоспары жасалды. Таяудағы уақытта жаңа универсал және арнаулы станоктардың бірнеше жүздеген типтерінің конструкциясын жасауға тура келіп отыр.

Костоусов жолдас ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитетінің жаңа станоктар өндіруді жоспарлау ісіндегі елеулі кемшіліктеріне назар аударды.

Кешкі мәжілісте сонымен қатар Ленинградтың резина-техникалық бұйымдар заводының директоры **Файбишенко** жолдас және Одессаның Октябрь революциясы атындағы заводының бас конструкторы **Гогунский** жолдас сөз сөйледі.

(СОТА).

көптеген жұмысшылары өздеріне тұрғын үйлер салып алу жөнінде тілек білдіруде. Ол үшін мемлекеттен жеткілікті мөлшерде қаржылар босатылды. Былыйғы жазда совхоздың 62 жұмысшысы өзіне тұрғын үй салып алмақ. Совхоз еңбекшілерін сумен қамтамасыз ету мақсатымен котлован, құдықтар қазу жұмыстары жүргізілуде. Мұнда бірнеше бульдозерлер мен экскаватор жұмыс істеп жүр.

С. ҚАЮМОВ.

ОЗАТ ШАРУАШЫЛЫҚ

Ленин аудандық орман шаруашылығы өткен жылы өз жұмысында жақсы табыстарға ие болды. Мұнда орман өсірудің жылдық жоспары 138 процент, ал, шаруашылық есеп бойынша жоспар 197 процент орындалды. Сол сыяқты ағаштың түрлерін көбейту және оны қорғау жөніндегі белгіленген шаралар да толық жүзеге асырылды.

Өткен жылғы табыстармен жігерленген коллектив үстіміздегі жылы да қажырлы еңбек етуде. Орман өсірушілер үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында жоспарды артығымен орындап, социалистік жарыста 1 орынға шықты. Соның нәтижесінде Ленин аудандық орман шаруашылығына ауыл шаруашылығы және дайындау қызметкерлері кәсіподағының облыстық комитетінің ауыспалы Қызыл Туы тапсырылды.

Бұл күндері озат коллектив Қызыл Туды өз қолдарында берік ұстау үшін күресуде. Үстіміздегі жылы мұнда 154 гектар алаңға ағаш отырғызылуға тиіс болса, көзірдің өзінде 110 гектардан астам алаңға ағаш отырғызу жұмыстары аяқталған. Ағаш отырғызуда 6 звено жұмыс істейді.

Орман шаруашылығы үстіміздегі жылы тағы да 60 гектар алаңға терек, 94 гектар алаңға қайың ағаштарын отырғызады. Сонымен бірге питомникте ағаш өсіруге де көп көңіл бөлінуде. Ауданның бірсыпыра колхоздары мен совхоздары орман шаруашылығынан ағаштардың көптеген түрлерін алып отырғызуда.

Т. СИДОРКИН.

Үлгілі сатушы

Коновалов селолық тұтынушылар қоғамы (Октябрь ауданы) «Баганаты» бөлімшесінің сатушысы Әбілтаев жолдас өз жұмысын тұтынушылардың өскелең талап-тілектеріне сай жүргізеді. Ол колхозшылардың өнеркәсіп товарлары мен азықтүліктің қандай түрлерін көп керексінін отыратынын уақытында біліп, жеткілікті мөлшерде әкелін сатуға баса назар аударады.

Міне, осының негізінде ол товар айналымының айлық тапсырмасын ұдайы 100—130 процентке дейін асыра орындауға жетісіп жүр.

Қ. НҰРАХМЕТОВ.

лысының Свердлов ауданындағы «Путь новой пахарь» колхозында көшеттер өсіру үшін өзірленген шірінді топырақ құмыралардың 20 проценті ғана пайдаланылды.

Көптеген облыстық атқару комитеттері, қалалық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттері колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың басшыларына, сол сыяқты өнеркәсін орындары мен мекемелердің басшыларына картоп отырғызу мен

дандық, қалалық атқару комитеттері, МТС және совхоз директорлары, сол сыяқты кәсіпорындар мен мекемелердің басшылары жұмысшылар мен қызметшілерге олардың өз огородтарында картоп отырғызуға және овощь егуге барынша жәрдемдесін, оларға жер участоктерін бөліп беруге, участоктерді өңдеуге және тұқым сатып алуға көмектесуге міндетті.

ОБЛЫСЫМЫЗДА ЗАЕМҒА ЖАЗЫЛУ ҰЙЫМШЫЛДЫҚПЕН ЖҮРГІЗІЛУДЕ

☆ ☆

Халық қаржысы Отан үшін

Мемлекеттік жаңа заемның шығарылуы туралы хабарды Полудень ауданындағы «Путь социализма» колхозының колхозшылары асқан зор қуаныш үстінде қарсы алды.

—Жаңа заемның шығарылуы, — деп мәлімдеді колхозшы коммунист Журавлев, —партия мен үкметтің советтік Отанымыздың күш- қуатын арттыру, еңбекшілердің әл- ауқат дәрежесін онан әрі жақсарту жолында үнемі жүргізіп келе жатқан әкелік қамқорлығының, бейбітшілікті көздейтін саясатының айқын айғағы. Біз өз қаржымызды қарызға беру арқылы бұл саясаттың жеңіске жетуіне үлес қосамыз.

Бұдан кейін ол өзінің 1000 сомның заемына жазылатынын білдіріп, басқа колхозшыларды да осыған шақырды.

—Мен жаңа заемға шын көңілден жазыла отырып, —деді колхозшы әйел Шумакова, —былай деймін: біздің берген қаржымыз жалпы халық игілігіне, мыңдаған аналар мен балалардың, барлық совет адамдарының бақытты өмірінің онан әрі гүлденуі үшін жұмсалады.

Заемға жазылудың алғашқы күнінің өзінде-ақ колхозшылардың басым көпшілігі жаңа заемға жазылып болды.

Т. ҚҰЛАТАЕВ.

Совхоз жұмысшыларының белсенділігі

Совет ауданындағы Ленин атындағы совхозда ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік жаңа заемына жазылу совхоз жұмысшыларының арасында зор ұйымшылдықпен өткізілуде. Совхоздың қарт малшысы Ескендір Байзақов өзінің заемға жазылу жөніндегі қуанышын айта келіп: «Заемнан түскен қаржының қайда баратынын біз жақсы білеміз. Ол мемлекетіміздің халық шаруашылығын онан әрі өркендетуге, совет халқының әл-ауқатын арттыра беруге, социалистік Отанымыздың қорғанымпаздық қуатын нығайта беруге жұмсалады» деді.

Бұдан кейін 80 жастағы қарт жұмысшы Сыздық Омаров заемға жазылуға жыйналған көпшіліктің алдында сөз сөйлеп, жаңа заемға өзінің шын ықласпен жазылатындығын білдірді және барлық жұмысшыларды Мемлекеттік жаңа заемға біркісідей жазылуға шақырды.

Совхоздың барлық жұмысшылары ССРО халық шаруашылығын өркендетудің жаңа заемына зор еңбек өрлеуі үстінде асқан ұйымшылдықпен жазылуда.

Р. КОЖИН.

Ұйымшылдықпен жазылуда

Ленин ауданының колхоз, совхоз және МТС еңбекшілері жаңа заемға асқан зор ұйымшылдықпен жазылуда. Жаңа заемға жазылуға арналған «Бұлақ» колхозы колхозшыларының жыйналысы еңбектегі жаңа өрлеу үстінде, Коммунистік партия мен Совет Үкметіне деген сүйіспеншілік сезімінде өтті. Жыйналыста бірінші болып сөз алған сауыншы Ильясова өзінің жаңа заемға зор қуанышпен жазылатындығын білдіріп, қарамағындағы әрбір сауын сыйырдан 1900 литр сүт саууға міндеттеме алды. Колхозшылар алғашқы күні-ақ 75 мың сомның заемына жазылды.

Ауданның басқа ауылшаруашылық артельдерінің колхозшылары да жаңа заемға көптеп жазылуда. Мәселен, Аманкелді атындағы колхоздың колхозшылары 80500 сомның, Киров атындағы колхоздың колхозшылары 30 мың сомның жаңа заемына жазылып, оның көпшілігінің ақшасын қолма-қол төледі.

Қ. ШҰҢҒҰЛШИН.
(Өз тілшіміз).

Жүгері шаршы-ұялы әдіспен егілсін

☆ ☆ ☆

Ойланбаған іс осылай болар

Петропавл МТС-нің басшылары соңғы кезде Жамбыл атындағы колхозды жиі атайды. Ол осы колхоздың көктемгі жұмысты аудан бойынша бірінші болып аяқтағанынан болса керек. Рас, бұл колхоздың мүшелері Малыгин жолдас басқаратын трактор бригадасы механизаторларымен тығыз ынтымақтаса отырып, жұмыстың график бойынша жүргізілуін қамтамасыз етті. Сөйтіп, дәнді дақылдар себуді мерзімінде аяқтап та шықты. Кәзір колхозда картоп отырғызу, жүгері егу қызу жүргізілуде. Бірақ бұл МТС қамтуындағы бір колхоздағы ғана көңілге қонымды жағдай.

Жалпы Петропавл МТС-і қамтуындағы колхоздарда көктем егісінің барысы өте қанағаттанғысыз. Кәзір облыс колхоздары жүгері егуді жаппай қолға алып отырғанда бұл МТС-тің қамтуындағы колхоздардың көпшілігі бұл дақылды егуге ешбір дайындықсыз келген. Бұған алдымен МТС басшылары, ондағы мамандар кінәлі. Өйткені олар күні осы уақытқа дейін жүгері егуге әзірлікке басшылық етпеді. Ал колхоздар жүгері егу жөнінде тіпті жұмыс жоспарын да жасамады. Жүгері отырғызатын «СШ-6А» сеялкасы дайын емес. Жүгері тұқымы дақылды зыяндандыратын жәндіктер мен ауруларға қарсы дәріленбеген.

Әрі астық, әрі бағалы мал азығы — жүгері дақылын егуді ойдағыдай ұйымдастыру—МТС-тің бас агрономы Шмыгля жолдастың міндеті. Бірақ ол орын алған кемшіліктерді жоюға немкетті қарайды. Тіпті «МТС-те быйыл жүгері көп егіледі. Сондықтан оның ұзаққа созылуы мүмкін» дегенді айтып, дәрменсіздікке бой ұрады.

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысы жарыққа шыққан кезде жүгерінің биологиялық ерекшеліктері, бұл дақылды біздің облыстың жағдайында егудің ерекшеліктері жөнінде Шмыгля жолдас талай рет сөз еткен болатын. Бұл жөнінде колхоздардағы агрономдарға талай нұсқау, талай түсінікте берген-ді. Бірақ ол сөздің іске айналуын ұйымдастырмады. Жүгеріні шаршы-ұялап отырғызатын сеялкаларды әзірлеу, бұл дақылды егетін участокторді іріктеп алу, жүгері егетін арнаулы звенолар құру, звено мүшелеріне жүгері өсірудің агротехникасын үйретуді ұйымдастыру, тұқымды себуге әзірлеу жұмыстарына практикалық басшылық жасамады.

МТС-те жөнделіп іске өзір тұрған екінші жүгері отырғызғыш сеялка бар. Ал жұмыс станция қамтуындағы алты колхозда да жүргізіледі. Сол сияқты істі жақсы білетін тұқым себушілер жоқтың қасы. Жүгеріні шаршы-ұялап отырғызуды жетік білетін Икель жолдас сияқты механизаторлар мүлдем басқа жұмыста жүр.

Қыялы астық совхозы үстіміздегі жылы 670 гектар алаңға шаршы-ұялы әдіспен жүгері егеді. Бұл жұмыста совхозға Қыялы механикаландыру мектебінің коллективі зор көмек көрсетуде. мектептен көмекке келгендер СКГ—6 сеялкасымен жүгері сеуіп жүр.

СУРЕТТЕ: совхозға мектептен

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Жүгері туралы сөз көп те, іс аз

Көктем кеш келгенімен күн ашық болып тұр. Ауа райы барған сайын жылына түсуде. Кәзір топырақ қабаты да жылынып, жүгері себудің ең қолайлы кезеңі туды. Міне осындай қымбатты да қауырт күндердің бірінде Преснов аудандық партия комитеті кеңес шақырып, жүгеріні шаршы-ұялап егуді ұйымдастыруды сөз етті. Кеңеске колхоздардың, ауыл-селолық Советтердің председательдері, МТС, совхоз директорлары мен мамандар және бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары келді. Олардың колхоздар мен совхоздардың егіс далаларында қызу жүргізіліп жатқан жұмыстарды тастап, аудан орталығына, мезгілсіз шақырылған кеңеске жыйналуы аудандық партия комитетін, оның секретарьлары Долженко, Болатбаев жолдастарды қынжылтқан жоқ.

Кеңеске жыйналғандар жүгері егуге өзірліктегі өрескел кемшіліктер жөнінде сын пікірлер айтылады, ол кемшіліктерді жою, жүгері егісін ойдағыдай өткізу жөнінде шаралар белгіленеді деген үмітте еді. Бірақ, бұлай болмай шықты. Долженко жолдас өзінің баяндамасында тек жүгерінің астық ресурстарын толықтыру және жемшөп алу міндетін шешудегі маңызын айтумен ғана тынды. Сондай-ақ көктемгі егіс жұмысының барысын жалпылама хабарлады. Қысқасы Долженко жолдастың баяндамасы, оның колхоз [illegible] МТС [illegible] шелері бұл дақылды егудің, өгісті күтіп баптаудың агротехникасын үйренген жоқ. МТС-тің колхоздағы агрономы А. Пучин жолдас бұл істі ұйымдастырумен шұғылданбайды. Егіс жұмысы басталысымен жүгері егуге өзірлікті колхоз басшылары да, МТС басшылары да мүлдем ұмыт қалдырды. Жүгері өсіруші звеноның мүшелері басқа жұмыстарға жіберілді. Жүгері тұқымы сапасынан ажыратылып алынбады. Сондай-ақ тұқымның шығымдылық сапасын сынау, оны себу алдында күнге қыздыру жұмыстарын ұйымдастыруды ешкім ескермеді.

Жақында осы колхозға МТС-тің бас агрономы Соколов жолдас келді. Ол агроном Пучин мен сеялкашы Ковзардан:

—Сеялка жүгері егуге өзір ме? — деп сұрады.

—Өзірі өзір ғой, бірақ дәнді үгітіп түсіретін болып тұр. . . —деді сеялкашы.

—Дәнді үгітпейтін етіп қайта жөндеу керек те, жүгері себуге дереу кірісу қажет, —деді Соколов.

Осыны айтып, ол екінші колхозға кетіп отырды. Тіпті, «Сталин жолы» колхозында жүгері егетін звеноның тарап кеткенін де, сеялкаларды, жүгері себетін агрегатты қамтуға адам бөлінбегенін де, жүгері егілетін участоктердің топырағын тыңайтуға тыңайтқыштар дайындалмағанын да Соколов жолдас анықтап білген жоқ. Маманның колхозға [illegible]

Болашақ механизаторлар

Петропавлдың ауыл шаруашылығын механикаландыру училищесі облысымыздың МТС-тері мен совхоздарына жыл сайын жүздеген механизаторлар дайындап беріп келеді. Үстіміздегі жылы мұнда 300-ден астам адам оқыды. Олардың көпшілігі Москва, Горький қалаларынан, Украина мен Кубаньнан келген жаңа қоныстанушылар және Совет Армиясы қатарынан запасқа шыққан жастар. Болашақ механизаторлар өз мамандықтарын жете меңгеру жолында ерінбей еңбек етті. Үстіміздегі жылдың апрель айында училищені механизаторлардың жаңа тобы бітіріп шықты. 55 трактор бригадасының бригадирлері және 152 тракторшылар облыстың МТС-тері мен совхоздарына жұмыска аттанды. Олардың ішінде 147 адам механизаторлар мамандығын өте жақсы меңгергендіктерін көрсетті.

Кәзір училищеде 180 адам механик-комбайншылардың курсында оқып жүр. Олар үстіміздегі жылы астық жыйнау науқанына қатысады. Болашақ механизаторлар сонымен бірге мал фермаларындағы еңбекті көп қажет ететін жұмыстарды да механикаландыру әдістерімен танысуда. Механизаторлардың қатарын маман кадрлармен онан әрі толықтыру мақсатымен быйыл училищеге біржылдық курстарда оқу үшін тағы да 300 адам қабылданбақ. Олар трактор бригадасының бригадирлерінің тәжрибесін, трактор, өздігінен жүретін шөп машиналарын жүргізу мамандығын үйренетін болады.

Училищеде жаңа оқу жылына жаңжақты өзірлік жүргізілуде. Быйыл оқуға алынған адамдар жаңадан салынған арнаулы үйде оқыйтын болады. Сол сияқты, училищенің оқытушылар қатары да маман кадрлармен толықтырылуда.

Л. КАЛАШНИКОВ.

Жаңа автомобиль жолының құрылысында

Бұл күндері Петропавл-Марьевка автомобиль жолының құрылыс жұмыстары қызу қарқынмен жүргізілуде. 185 километрге созылған бұл жол облысымыздың 4 аса ірі астықты аудандарын темір жолмен байланыстыратын болады. Жол құрылысына Отанымыздың ең қуатты техникалары пайдаланылуда. Мұнда кәзір 160 тан астам жүк машиналары, 10 экскаватор, 15 бульдозер және басқа көптеген машиналар жұмыс істейді. Жол құрылысшылары 5 километр ұзындықта жолдың болашақ табанына топырақ төсеу жұмыстарын жүргізуде. Асфальт-бетон заводын монтаждау, полигонда темір-бетон жасау жұмыстары күн сайын қыза түсуде.

Жаңа жолды салушылар бұл маңызы

Тың игерушілерді мәдени қамту жолында

Облыстық драма театры өзінің жылдық маусымын аяқтады. Театрдың творчестволық коллективі бұл маусым ішінде «Шет аймақтағы үй», «Хауіпті бұрылыс», «Екінші неке», «Аня Березконың махаббаты» және А. Островскийдің «Жазықсыз кінәлілер» пьесаларын облыс жұртшылығына көрсетті. Сөйтіп қаланың мыңдаған еңбекшілерін мәдени қамтыды.

Шындықты айту керек, өткен жылғы маусыммен салыстырғанда біздің быйылғы маусымдағы творчестволық табыстарымыз қала жұртшылығын қуантарлықтай дәрежеде болмады. Ең алдымен театр дирекциясы көптеген талантты сахна шеберлерін сақтай алмады. Олар түрлі себептермен театрдан кетіп қалды. Ал, театр басшылары олардың орнын талантты жастармен толықтыруда дәрменсіздікке салынды. Соның салдарынан театр совет драматургтерінің шығармаларын да, классиктік шығармаларды да өткен жылғыдан аз көрсетті.

Творчестволық сәтсіздіктердің де өткен жылға қарағанда әлде қайда көп болғандығын жасыруға болмайды. Бұл жағдайдың да өзінше себептері бар еді. Быйылғы маусымда біздің қала жұртшылығына көрсеткен барлық спектакльдеріміз қатарластырыла өткізілді. Бұл өндірістік-финанстық жоспарды орындауға мүмкіншілік бергенімен театрдың творчестволық табысқа жетуіне керісінше әсер етті және артистердің мүмкіншіліктерін төмендетті.

Әрине, бұл кемшіліктердің барлығы театр басшылығының және артистер коллективінің кінәсінен болғандығы өзінен-өзі түсінікті. Ең алдымен біз театр коллективінің творчестволық шеберліктерін арттыруға жете маңыз бермедік. Екіншіден, өндірістік- финанстық жоспардың орындалуына баса назар аударып, қала жұртшылығы үшін көрсетілген жаңа спектакльдердің идеялық- көркемдік жоғары дәрежеде көрсетілуін ескермедік. Біздің тарапымыздан болған бұл тәзгісіз кемшіліктер театр коллективінің жиі-жиі творчестволық сәтсіздікке ұшырауының басты себептері болды.

Театр коллективінің өткен маусымдағы қуанарлықтай творчестволық табысы жас артистер тарапынан болды. Өздерінің сахналық өнерлерін жыырда ғана бастаған Биляева, Шарнина, Бережнин, Шарнин, В. Морозова сияқты жас таланттар өткен маусымда өздерінің творчестволық өсу жолында екендігін анғартты. Олар өздеріне тапсырылған рольдерді зор ізденумен орындап, совет драматургтері жасаған тамаша адамдардың шынайы образын бірклкі тәуір шығаруға жетісті. Осы арқылы олар қала жұртшылығына танылып қана қойған жоқ, сонымен қатар олардың сүйіспеншілігіне де бөленді.

Қысқы маусымда кездескен кемшіліктері мен жетістіктерден тиісті қорытынды шығара отырып, театр коллективі көктемгі дала жұмыстары кезінде партияның шақыруына үн қосып, Солтүстік Қазақстан және Көкшетау облыстарына келген патриоттарды мәдени қамтудың нақтылы жоспарын жасады. Ол үшін біз арнаулы творчестволық үш бригада ұйымдастырдық. Ол бригадалардың біріншісін театр директоры Леонов, екіншісін артист Александров жолдастар, үшіншісін театрдың бас режиссері басқарды. Өткен жылдың кемшіліктерін ескеріп отырып, біз бұл бригадалардың концерт репертуарларын мұқыят саралап алдық. Мысалы, бригадалардың репертуарларында «Демалыс күні», «Басыбайлылар», «Қымбатты сыйлық», «Хауіпті бұрылыс», «Екінші неке» сияқты постановкалар, көркем сөз, совет композиторларының шығармалары бар.

Концерт бригадаларының негізгі маршруты Көкшетау және Солтүстік Қазақстан облыстарында өткен жылы және быйыл ұйымдастырылған жаңа астық совхоздарының егіншілері мен механизаторларын мәдени қамту болып отыр. Біз тың игерушілер үшін 200-ден астам концерттер көрсетемізі. Оларда орта есеппен 50 мың адам қамтылмақ.

Өткен маусымда біздің жұмыста кездескен кемшіліктер әлі де болса театр жұмысының кәзіргі талаптарға сай бола алмай отырғанын көрсетеді. Сондықтан да театрдың творчестволық коллективі тың және тыңайған жерлерді игерушілерді мәдени қамту арқылы мүмкіндігімізше бұл кемшіліктерді жоюды белгілеп отыр. Ал, маңызы ұлы істі орындап жатқан еңбек ерлерінің мәдени қажеттерін өтеу жолында қызмет ету — біздер үшін аса абройлы міндет.

В. СКАЛОВ,

Облыстық драма театрының бас режиссері.

Ауылдық кітапханада

Ленин ауданы, «Бірлік» колхозының орталығында ауылдық кітапхана жұмыс істейді. Кітапхананың меңгерушісі Молдахметов жолдас кітапхана жұмысын колхозшылардың тілегіне сай ұйымдастырып отыр. Әдресе ол көктемгі егіс кезінде өз жұмысын жандандыра түсті. Көктем егісі

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының қаулысы жөнінде баяндама жасады.

Бұл ауылдық кітапханада 800-ден астам саяси, ауылшаруашылық, көркем әдебиет кітаптар бар. Кәзір кітапханадан 150-ден астам тұрақты кітап

Рас, МТС қамтуындағы кейбір колхоздарда қыс кезінде-ақ жүгері өсірушілер звеносы ұйымдастырылған болатын. Бірақ звено мүшелерін жаңа міндетті орындауға әзірлеу ісімен ешкім шұғылданбады.

—Қыс бізде жүгері өсірушілер звеносы құрылды,—дейді Чапаев атындағы колхоздағы агроном Дәуітова жолдас. Бірақ әл қағаз жүзінде ғана қалды. Звено бастығы Андрющенко жолдас әуелі мал шаруашылығында істеді. Кәзір ол—трактор бригадасында аспазшы. Звено мүшелері де дала бригадасында әр жұмысқа бөлініп жіберілді. Бұл бірқатар колхоздарда болып отырған кемшілік. Бұл кемшіліктерді МТС басшылары жақсы біледі. Бірақ, не пайда, оны жою жөнінде шаралар белгіленбей-ақ келеді.

Д. ЯВОРСКИЙ.

ларына телефон арқылы сөйлескенде, немесе жергілікті жерлерге барғанда беретін кеңесі мен нұсқауының дәрежесінен аса алмады.

Аудан орталығында жүгері егу жөнінде сөз болып жатқанда колхоздар мен совхоздарда бұл дақылды егуге әзірліктің нақтылы жағдайы өте-мөте қанағаттанғысыз болатын. Преснов МТС-нің басшылары станция қамтуындағы колхоздарда жүгеріні шаршы-ұялап егуді қамтамасыз ету үшін бір «СШ-6А», төрт«СКГ-6» сеялкаларын және қайта жабдықталған 5 астық сеялкаларын әзірлемек болатын. Бұл сеялкалардың екеуі іске әзір емес, олар әлі МТС мастерскойында тұр.

Осы МТС қамтыйтын «Сталин жолы» колхозында 142 гектар жүгері егілуге тиіс. Рас, колхозда жүгері өсіретін арнаулы звено құрылған. Бірақ, звено мүшелері пайда кетуінен не пайда?

«Прибой» колхозында 40 гектар алаңға жүгері тұқымы қолмен отырғызылуы керек. Ал осы уақытқа дейін қолмен жүгері отырғызғыш дайындалмаған. Оны дайындауды ұйымдастыруды МТС пен колхоз басшылары бірінде-бірі сілтеумен келген. Тыңайтқыш заттар әзір емес. Бұл жөнінде колхоз председателі Шмелев жолдас: «біздің жеріміздің топырағы былай да құнарлы, оны тыңайту қажет емес» дейді.

Осы сияқты жүгері себуге әзірлік Баян, Николаев МТС-тері қамтыйтын колхоздарда да өте-мөте қанағаттанғысыз. Сондықтан да олар бұл дақылды егуді қарқынды жүргізе алмай келеді.

М. НҰРПЕЙІСОВ,
С. ҚАНАФИН.

ПРЕСНОВКА. (Арнаулы тілшілеріміз).

зор автомобиль магистралінің 50 километрін салуды быйылғы жазда толық аяқтан, пайдалануға беруге міндеттеніп отыр.

С. ӘЛІМОВ.

Қызықты экскурсия

Жақында қаладағы № 5 орта мектептің VIII класс оқушылары шағын двигательдер заводына экскурсияға барды. Онда олар заводтың құю, механикалық және басқа цехтарында болып, жұмыстармен, болат балқыту, детальдар әзірлеудің технологияларымен танысты. Құю цехының технологі Бартоль, механикалық цехтың мастері Қормин оқушыларға заводтың озат жұмысшыларының әдістері жайында қызықты әңгімелер айтты.

Т. ҚАЖЫМҰРАТОВ.

арасында жүргізілетін мәдени-бұқаралық жұмыстардың жоспарын жасады. Кәзір барлық жұмыс осы жоспар бойынша жүргізіледі. Жақында жетіжылдық мектептің оқытушысы Қайрошев № 2 бригаданың егіншілері мен механизаторларының арасында «Дін және ғылым» деген тақырыпта лекция оқыды. Сондай-ақ аудандық партия комитетінің Ильич атындағы МТС аймағындағы нұсқаушысы Сағиев жолдас тап оқушылардың конференциясы жиі өткізіледі. Колхоздың әрбір бригадасында бұл кітапхананың бөлімшелері жұмыс істейді. Олардың әркайсысында елуден астам ауылшаруашылық, саяси, көркем әдебиеттер бар. Колхозшылар күн сайын жаңа газет, журналдармен танысып отырады.

Қ. ШОҚАНОВ.

Шахтерлердің кітапханасы

ЛЕҢГІР, (ҚазТАГ). № 2 шахта кітапханасына жаңа кітаптардың бір тобы жеткізілді. Кәзір оның кітап қорында 13.000-ға дейін том бар. Кітапхананың меңгерушісі Лариса Лиждвая кітап оқушылар қатарынан көп адамдық актив құрды. Лиждваяның көмегімен кітап оқушылардың конференциялары үнемі өткізіліп тұрады, ғылым мен техниканың әртүрлі салалары жөніндегі әдебиет көрмелері ұйымдастырылады.

Кітапты шебер насихаттау кітап оқушылардың санын көбейтуге көмектесуде. Кәзір 1.200 кенші мен олардың семья мүшелері шахтер кітапханасының қызметімен пайдаланады.

Ленин ауданында егіс жұмыстарының қарқыны баяу, сапасы нашар

Быйыл Ленин ауданының колхоздары мен совхоздарының көктемгі егісті қысқа мерзімде, агротехникалық жоғары дәрежеде өткізуіне толық мүмкіншілігі болды. Демек, МТС-тер мен совхоздар ауыл шаруашылығының жаңа, қуатты машиналарымен жабдықталды. Механизатор кадрлары мен ауылшаруашылық мамандары жеткілікті. Колхозшылар және МТС, совхоз жұмысшылары бүкіл облысымыздың еңбекшілерімен бірге қостанайлықтармен жарыста быйыл егіннен өнімді неғұрлым мол алуға, мал басын көбейтіп, мал шаруашылығы өнімдерін арттыруға міндеттенген болатын.

Бұл міндетті орындау жолындағы күрестің ең шешуші кезеңі көктемгі егісті үлгілі өткізу болып табылады. Деркезінде, сапалы егілген егін мол өнімнің кепілі. Бұған жете түсінген ауданның алдыңғы қатарлы колхоздары егіс жұмыстарын алғашқы күннен бастап жаңа міндеттер дәрежесінде жүргізіп келеді. Сөйтіп, олар егістің қарқыны мен сапасын бірдей арттыруда. Мысалға «Бірлік» колхозын алайық. Бұл артель быйыл 3185 гектар егіс егуге тиіс. Оның 2750 гектары дәнді дақылдар егісі. Колхозшылар мен механизаторлардың берік ынтымағы және қажырлы еңбектерінің нәтижесінде колхоз ауданда бірінші болып дәнді дақылдар егуді қысқа мерзімде сапалы аяқтап шықты.

Колхоздың мұндай табысқа жетуіне осы шаруашылықты қамтыйтын Ильич атындағы МТС-тің Загинайко жолдас басқарған № 14 трактор бригадасының қосқан үлесі зор. Механизаторлар өзара социалистік жарысқа ұштаса отырып, алған міндеттемелерін аброймен орындап келеді. Олар көктемгі егіс жұмыстары басталғаннан бері сменалық тапсырманы үнемі артығымен орындап жүр. Трактorшы Г. Бедный жолдас «ДТ-54» тракторымен жер тырмалаудың сменалық тапсырмасын 170—180 процеттен кем орындап көрген емес. Трактoршы Г. Гончар жолдас «С-80» тракторымен смена сайын 48 гектар орнына, 70—80 гектар жерге тұқым себеді.

Бірақ, ауданды тұтас алғанда егіс жұмыстарының қарқыны баяу, сапасы нашар болып отыр. Бұған ауданның колхоздарында егіс жоспарының бүтінге дейін жартылай ғана орындап отырғандығы толық дәлел бола алады.

Ауданда егіс жұмысының қарқыны осыншалықты баяу болуының, бұл жөнінде ауданның артта қалып қоюының сыры неде? Оның сыры —біріншіден, апрельдің аяқ шенінде аудан басшыларының, өсресе аудандық партия комитетінің секретарлары Плевако, Сәрсенбаев, аудандық Совет атқару комитетінің председателі Қабдуназов жолдастардың «ұйымдастыру кезеңі» дегенді желеу қылып, ал майдың алғашқы аптасында «егістік алаңның дені дегдіген жоқ» дегенді айтып, колхоз, МТС басшыларының жайбарақаттыққа сальнуына, сөйтіп егіске қолайлы маусымды босқа өткізуіне жол берілгендігі болды. Екіншіден, олардың егіншілер арасында социалистік жарысқа нақтылы басшылық жасамағандығы, еңбек ұйымдастыру ісіндегі елеулі кемшіліктерге төзіп келгендігі себеп болып отыр. Оған бірнеше мысалдар келтіруге болады.

Әсресе, ауданның Ильич атындағы машина-трактор станциясы қамтыйтын колхоздарда егіс жұмысының қарқыны мүлде нашар. Мысалы, Калинин атындағы колхоз жоспар бойынша үстіміздегі жылы 3 мың гектарға жуық дәнді дақылдар егісін егуге тиіс болса, одан осы күнге дейін тең жарымы да егіліп болған жоқ. Бұл егіс жұмыстарының ұзаққа созылуы, содан барып қолайлы мерзімнің өтіп кетуі хауіпін туғызып отыр. Ал колхоз председателі Кәдірбаев, бастауыш партия ұйымының секретары Жақатов жолдастар бұл жағдайға төзіп, жұмыс қарқынын еселеп арттыратын тиісті шараларды қолданбай-ақ келеді.

Колхозда 684 центнер бидай, 300 центнер сұлы тұқымы жетіспейді. Артель басшылары мұны күні бұрын әзірлеп алмай, кәзір егістің қауырт жүріп жатқан үстінде тұқым іздеп, әбігерленуде. Мемлекет тарапынан босатылған тұқымның өзі де кезінде тасып алынбай отыр. Басшылар тұқым тасуға колхоз ішіндегі бар мүмкіншілікті ұйымдастырмай, сырттан көмек күтуді әдетке айналдырып алған. Міне, мұның бәрі егістің кешірімсіз кешеуілдеуіне әсерін тигізбей қойған жоқ. Майдың екінші, үшінші аптасында тұқымның жетімсіздігінен үш сеялка жұмысқа қосылмай, көп уақыт босқа тұрумен келді.

Бұл жағдайды МТС басшылары біле ме? Әрине, жақсы біледі. Амал не, мұны көріп, біліп отырса да олар колхозға нақтылы көмек көрсете алмай, дәрменсіздікке салынып және ымырашылдық жасаумен келеді.

—Талай рет ұрсып, сөктік те, қатты да айттық,—дейді МТС директоры Букатин жолдас,—бірақ колхоз председателі Кәдірбаев жолдас одан ешқандай қортынды шығармай-ақ қойды, білмеймін, айта-айта өбден шаршадым. Тұқым болмай, тракторлар мен сеялкалардың босқа қарап тұрғанына да бірнеше рет акт жасадық.

Букатин жолдастың бұл мәлімдемесінен МТС басшыларының колхоз басқармаларына болсын, трактор бригадаларына болсын егіс жұмысын ойдағыдай өткізу жөнінде пайдалы пікір айта алмағандығын, оларға нақтылы көмек көрсетпейтіндігін айқын көруге болады.

МТС-тің трактор паркінің жұмысында да елеулі кемшіліктер бар. Атап айтқанда, осы колхоздағы № 1 трактор бригадасында «С—80» тракторы егістің алғашқы күндерінен бастап-ақ жүрмей қалды. Бұл трактор қалай болса солай сапасыз жөнделген. № 2 трактор бригадасында 5 трактордың екеуі сынып, бір апта бойы бороздa үстінде босқа қарап тұрды.

Колхозда жерді өңдеуде, оған тұқым себуде агротехникалық ережелердің өрескел бұрмалануына да жол берілген. Мәселен, Устименко жолдас басқаратын трактор бригадасы 50 гектар егістік алаңды сапасыз жұмыстаған. Ал колхоз агрономы Асмаков жолдас ол участоктіктің жұмысталу сапасын тексерместен бидай тұқымын себуге рұқсат берген.

Көктемгі егістің қарқыны мен сапасының нашарлығы бір бұл колхозда ғана емес, МТС-тің басқа колхоздарында да бар. Аманкелді атындағы колхоз быйыл 9 мың гектарға жуық дәнді дақылдар егісін егуге тиіс. Егістің басталғанына үш аптадан астам уақыт бола тұрса да, әлі жоспардың орындалуы жарымынан аз-ақ асады. Мұнда трактор паркі жұмысты өнімсіз істейді. № 2 трактор бригадасында екі, № 3 трактор бригадасында үш трактор біраз жер өңделгеннен кейін бұзылып, жұмысқа қосылмай, 6 күн қарап тұрды. Трактoршы Жалмұқанов жолдас 15 жұмыс күні ішінде «ДТ-54» тракторымен 41 гектар ғана жер жұмыстаған. Трактор бригадаларында жер өңдейтін құралдар жеткіліксіз. № 3 трактор бригадасында өткен жылғы көтерілген 85 гектар алаңды арамшөп басып кеткен. Бірақ ол жерге лущильниктің жеткіліксіздігінен жай тырмамен ғана тырмалау жүргізілгін, тұқым себілген. МТС-тің бұл колхоздағы агрономы Ефименко жолдас бұған төзіп отыр.

Сталин атындағы колхозда да тракторлардың жұмыс істегенінен босқа қарап тұрғаны көп. Бұл тракторлардың техникалық күтімі нашар болғандықтан, бригадаларға нақтылы көмек көрсетілмегендіктен болған жағдай. Воровский атындағы колхозда жұмысқа ешқандай бақылаудың жоқтығы салдарынан трактoршылардың көпшілігі сменалық нормаларын орындамайды. Жанар және жағар майдың уақытылы жеткізілмеуі тракторлардың көп реттерде жұмысқа қосылмауына әкеп соғып жүр.

МТС қамтуындағы колхоздар быйыл 820 гектар жүгері егісін егуге тиіс. Бірақ бұл сияқты аса бағалы дақылды егу ісінің жайы да нашар. Бүгінге дейін колхоздарда небары 60 гектардай ғана алаңға жүгері тұқымы себілді. Бұл іске күні бұрын тыңғылықты әзірлік жасалмаған. МТС-тегі 5 сеялканың екеуі-ақ жұмыс істейді. Қалғандары кейбір бөлшектердің жетімсіздігінен МТС мастерскойының жанында шашылып жатыр. Сондықтан да бірқатар колхоздар жүгері егісін қолмен себуге мәжбүр болып отыр.

Ерекше атап көрсететін кемшіліктің бірі—механизаторлар арасында үгіт-бұқаралық жұмыстары кеңінен өрістетілмеген, өзара социалистік жарыс ұйымдастырылмаған, сол сияқты алдыңғы қатарлы трактoршылардың іс тәжірибесі кеңінен насихатталмайды. Аманкелді атындағы колхозда істейтін № 4 трактор бригадасында осы уақытқа дейін бірде-бір рет жауынгерлік листок немесе қабырға газеті шығарылмаған. Трактoршылар өзара жарысқа қосылмаған. Мұндай елеулі кемшіліктер Сталин атындағы, Калинин атындағы және басқа колхоздарда да орын алып отыр. МТС партия ұйымының секретары Силантьев жолдас трактoршылар арасында үгіт-бұқаралық жұмысын кеңінен өрістету, социалистік жарысты ұйымдастыру өзінің негізгі міндеті екенін түсінбей жүр. Ал аудандық партия комитетінің осы МТС аймағындағы секретары Колосов жолдастың МТС партия ұйымының жұмысына нақтылы басшылық етпейтіндігін атап айту керек.

Мұндай төзгісіз жағдайлар ауданның Пушкин атындағы МТС-інде де кеңінен орын алып отыр. Мұнда тракторлардың қуаты өнімді пайдаланылмайды. Жұмыс екі сменада ұйымдастырылмаған. Соның салдарынан МТС бойынша егіс жоспарының орындалуы үштің біріндей ғана болып отыр. Образцовой МТС-інде егіс жұмыстарының сапасы үшін күрес ұйымдастырылмаған. Бұған бірер мысал келтірейік. Молотов атындағы колхозда жерді өңдеу тәртібі дұрыс сақталмайды. Көбінесе мұнда жер 8—10 сантиметр тереңдікке ғана жыртылады. «Путь к социализму» колхозында ондаған гектар жерге өнгіштік сапасы төмен тұқым себілген. Мұндай жағдай «Орталық» колхозында да бар. МТС басшылары, директоры Корнев, бас агрономы Қожасов жолдастар осы айтылған колхоздарда талай рет болды. Бірақ олар егістің сапасына көңіл бөлген жоқ.

Ленин ауданының басшылары бұл кемшіліктерді дереу жоюға тиіс. Сөйтіп ауданда көктемгі егістің әрі тез, әрі сапалы өткізілуіне нақтылы басшылық жасаулары керек.

Б. ҚАЛИЕВ.

ЕМТИХАН ҚАРСАҢЫНДА

Енді аз күннен кейін мектебімізде кластан класқа көшу және мектеп бітіру емтихандары басталады. Емтихан — оқушылардың ғылым негіздерін қалай меңгергендігін тексеріп қана қоймай, сонымен қатар, мұғалімдердің жас ұрпақтарды оқыту және тәрбиелеу міндетін қалай орындап шыққандығына да үлкен сын болып есептеледі.

Емтихан нәтижелері мектептің оқу-тәрбие жұмысының жайын, мектеп директоры мен оқу ісі меңгерушілерінің бұл жұмысқа басшылығын, халық -ағарту бөлімдерінің мектептерге қаншалықты көмектескендігін көрсетіп береді.

Біздің мектепте емтихандар басталар қарсаңында әрбір пән бойынша оқу программалары толық өтіліп, бірсыпыра пәндерден қайталау жұмыстары да аяқталды. Мектепте төртінші тоқсан басталысымен оқу ісінің меңгерушілері мұғалімдердің әр пәннің программасын қаншалықты орындағандықтарын, қайталау жұмысының жайын тексеріп, программаны орындауда артта қалушылықты және қайталау жұмыстарындағы олқылықтарды жою үшін жедел шаралар қолданылды.

Былыйғы емтихандарға дайындық кезінде оқытушыларға едәуір қыйындық келтірген сұрақ билеттерін дайындау ісі болды. Бірақ сұрақтарды дайындау мәселесінде жас мұғалімдерге тәжрибелі оқытушылар көп көмек көрсетті.

Біздің мектепте физика, химия, биология пәндерінен қайталау жұмысы лабораториялық- практикалық негізде ұйымдастырылып жүр. Бұл оқушылардың теориялық білімдерін практикада пайдалана білуіне және ғылым заңдарын берік меңгерулеріне көмектеседі. Мектептегі Власов, Беккожин, Васильева, Анучин сияқты мұғалімдер сабақты нашар үлгеретін, мұғалімдердің жәрдемін көп тілейтін оқушылармен оқу жылы бойына қосымша сабақтар өткізіп келеді. Олар жеке оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жете біле отырып, түсінбеген тақырыптарын түсіндіріп, үйге берілген тапсырмаларды орындауларына көмектесіп отырады. Мектепте мұндай оқушылармен өткізілетін қосымша сабақтардың, оқушылар үшін төртінші тоқсанның алғашқы күндерінен бастап ұйымдастырылған консультациялардың расписаниесі жасалған.

Мектептерде өткізілетін емтихандар, мектеп алдында тұрған міндеттер ойдағыдай орындалу үшін бұл істерге барлық жұртшылықтың назарын аударудың ерекше маңыз алатындығы белгілі. Бұл жөнінде біздің мектептің ата-аналар жұртшылығымен, кәсіподақ, комсомол ұйымдарымен байланысы жақсартылып, оқушылардың емтиханға дайындалуларына жұртшылық тарапынан бақылау күшейтілді.

Мектебімізде оқушылардың емтиханға дайындалуы үшін арнаулы бөлмелер белгіленіп, онда емтихандарға керекті көрнекі құралдар мен аспаптар күнілгері дайындалды. Бұл әзірліктердің мектептегі емтихан жұмысының ойдағыдай өткізілуіне едәуір көмегін тигізетіндігі сөзсіз.

Мектептегі жазғы емтихандардың ойдағыдай өтуіне оқу жылы бойындағы оқу-тәрбие жұмысының педагогикалық талантарға сай, дұрыс жүргізілуі негізгі жағдай болып саналады, кәзіргі жүргізіліп жатқан дайындық жұмысы мектеп оқытушыларының өз сабақтарын жоғарғы идеялы ғылми-терең негіздерге ұйымдастыруын талап етеді.

Бұл міндеттерді мектебіміздің мұғалімдері қажырлылықпен орындап, емтихандарды үлгілі өткізеді.

М. ТАСИМОВ,
Смирново орта мектебінің оқытушысы.

Сатып алушылар тілегі

Преснов ауданындағы Калинин атындағы колхозда К. Құрманғалиева жолдас дүкен сатушысы болып істейді. Ол өзі сатушы болып орналасқаннан бері мәдениетті сауда жүргізу, колхозшылардың талап-тілектеріне уақытылы құлақасып, қанағаттандыру жұмыстарын бірсыпыра жақсартты.

Өзіне міндеттелген жұмыстарға жауапты қарап, тұтынушылар тілегін мүлтіксіз орындап отыру негізінде сатушы Құрманғалиева товар айналымының белгіленген айлық жоспарын үнемі 100—110 процеттен асыра орындауға жетісіп жүр.

Колхозшылардың тұтыну заттарына күн сайынғы өсіп отыратын талабы сауданы бұдан гөрі жүйелі жүргізуді талап етеді. Бірақ Благовещенка селолық тұтынушылар қоғамы (председателі Белогуб) тұтынушылардың көп қажет ететін товарларын жеткілікті мөлшерде сатып алуларына қамқорлық жасай алмай келеді. Мұнда, әсресе, қымбат бағалы товарлар: радиоқабылдағыш, велосипед, мотоцикл және жағалы киімдер оқта-текте ғана түсіп тұрады. Керек десе кейбір уақытта керосин, шай, қант, кондитер тағамдарының өзі де болмай қалатын фактілер кездесіп жүр. Селолық тұтынушылар қоғамының председателі Белогуб жолдас колхозшылар арасында жиі болып, олардың нені көп қажет етіп отырғандығын біліп отыруға тиіс еді. Амал не, ол мұндай абройлы міндетке өлі де болса немқұрайды қарап келеді.

Селолық тұтынушылар қоғамының басшылары бұдан былайғы жерде тұтынушылардың қажеттерін өтеуге қолайлы жағдай жасаулары керек.

Ә. МҰЗДЫБАЕВ.

КАРТОП ОТЫРҒЫЗУДА

В. Молотов жолдастың Москваға қайтып келуі

Тәуелсіз және демократиялық Австрияны қалпына келтіру туралы Мемлекеттік Договорға қол қойғаннан кейін ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және Сыртқы істер Министрі В. М. Молотов 17 майда Венадан Москваға қайтып келді.

(СОТА).

Поляк Халық Республикасы сеймінің 19 майда болатын сессиясы

ВАРШАВА, 17 май. (СОТА). Поляк Халық Республикасының үкметі Албания Халық Республикасы, Болгария Халық Республикасы, Венгер Халық Республикасы, Герман Демократиялық Республикасы, Поляк Халық Республикасы, Румын Халық Республикасы, Советтік Социалистік Республикалар Одағы және Чехословак Республикасы арасындағы достық, ынтымақ және өзара көмек туралы 1955 жылғы 14 майда жасалған Договорды бекіту жайында мемлекеттік советке ұсыныс енгізді.

Мемлекеттік совет жоғарыда көрсетілген Договорды бекіту туралы мәселені Поляк Халық Республикасы сеймінің қарауына енгізуге қаулы алды. Осыған байланысты мемлекеттік совет 1955 жылғы 14 майда Поляк Халық Республикасы сеймінің сессиясын шақыруға ұйғарды.

Договорды бекіту туралы ұсыныс сеймнің сыртқы істер жөніндегі комиссиясының қарауына берілді, оның мәжлісі 18 майда болады.

ВДР Министрлер Советінде

ХАНОЙ, 17 май. (СОТА). Вьетнам информация агенттігі былай деп хабарлайды:

Вьетнам Демократиялық Республикасы Министрлер Советінің президент Хо Ши Миннің председательдік етуімен жұмыс арада мәжлісі болды. Министрлер Советі қайтадан азат етілген Хайфон порты мен жағалаудағы аудандағы бірқалыпты өмірді қалпына келтіру жөніндегі шараларды мақұлдады, сонымен бірге Солтүстік және Оңтүстік Вьетнам арасындағы қатынастарды бірқалыпқа келтіру туралы мәселені шешуді тездетуге ұйғарды.

Сонымен бірге мәжлісте аграрлық реформа аяқталған аудандардағы ауылшаруашылық өндірістерін көтермелеу программасы қабылданды.

Министрлер Советі мемлекеттік, өнеркәсіп және сауда кәсіпорындарын ұлғайту туралы қарар қабылдады.

Хайфон ауданының азат етілуі

Варшава кеңесінің қорытындылары жөнінде шетелдегі пікірлер

ВАРШАВА, 16 май. (СОТА). Халықтық-демократиялық Польшаның жұртшылығы европалық мемлекеттердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Варшава кеңесінің қарарларын қызу қуттықтауда.

«Трибуна люду» газеті «Күш, достық, бейбітшілік» деп аталған басмақалада бүгін былай деп атап көрсеткен: 1955 жылғы 14 май күні дүниежүзілік тарихқа кіреді. Сегіз европалық мемлекеттің премьерлері, соның ішінде Совет Одағының премьері, бұл күні достық, ынтымақ және өзара көмек туралы договорға қолдарын қойды. Договордың аса терең мәні мынада: осы договорға қатысушылардың бәрін одақтастардың әркайсысы, ал олардың әркайсысын—барлығы қорғайды.

Азияның ұлы мемлекеті—Қытай Халық Республикасының — Варшава кеңесінің қарарларын қолдап отырғандығы, деп көрсеткен газет, орасан зор маңызы бар фактор болып табылады. Мұны кеңеске қатысқан қытай байқаушысы — Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік советі премьерінің орынбасары және қорғаныс министрі Пын Дә-хуай барлық күшпен ыспаттады.

Бейбітшілік лагеріндегі мемлекеттердің еңпкімге де қатер төндіретін ойы жоқ. Ал, Варшава кеңесінің өзі де бұл үшін басқосқан жоқ. Батыс Германияны ремилитарландыру қатерімен байланысты туған жағдай оларды Варшава договорын жасасуға мәжбүр етті. Бірақ біз, деп жазған «Трибуна люду» бұдан кейін, барлық европалық мемлекеттердің, өздерінің әлеуметтік системасы қандай болуына қарамастан, түгел қатысуына негізделген Европадағы коллективтік хауіпсіздік системасына ұмтылып отырмыз және ұмтыла береміз. Бұл талап барлық европалық мемлекеттердің қатысуына біздің договорымыздың ашық екендігінен, сонымен қатар, коллективтік хауіпсіздіктің жалпыевропалық системасы құрылғандай жағдайда, договордың өз күшін жоятындығынан айқын көрінуде. Бейбітшілікті қамтамасыз етудің ең жақсы жолы болып табылатын коллективтік хауіпсіздік біздің бұлжымайтын мақсатымыз бола береді.

«Трибуна люду» бұдан кейін былай деп жазған: Варшава кеңесіне қатысушылар бейбітшілік лагерінің Германияны бейбітшілікпен қайта қосуға ұдайы ұмтыла беретінін атап көрсетті. Жаңа договор, герман милитаризміне қарсы кедергіні күшейте отырып, сонымен бірге неміс халқының бейбітшілікке және елдің бірлігіне ұмтылған талабына кедергі болмайды.

Біздің шекарамыздың бұзылмайтындығына, қайғылы жеңілістің енді енуақытта да қайталанбайтындығына біздің дәл кәзіргідей кәміл сенім отырған дәуіріміз халқымыздың тарихында бұған дейін әлі ешуақытта да болып көрген емес. Біз 900 миллион адамдарды —900 миллион достар

ПЕКИН, 16 май. (СОТА). Бүгін орталық газеттер Варшава кеңесінің қорытынды мазмұндамасының текстін, сонымен қатар Варшавада болған бұқаралық митинг туралы хабарды бірінші беттерге басып шығаруда.

«Гуанминжибао» газеті басмақаладағы былай деп жазған: Варшава кеңесі бейбітшілікті нығайту және халықаралық шиеленісті бәсеңдету жолындағы күресте зор роль атқарады.

Кәзір бейбітшілік, демократия және социализм лагеріндегі елдер, деп жазған «Гуанминжибао» бұдан кейін, қуатты күш болып отыр. Бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің біріккен күштері соғыс күштерінен сан есе басым болып табылады. Сондықтан да, империалистер дүниежүзілік жаңа соғыс бастауға тәуекел жасағандай күнде, олар күйретіле талқандалып, жеңіліске ұшыратылады.

Қытай халқы, деп жазған қорытындысында «Гуанминжибао», Варшава кеңесінің қарарларын толығымен мақұлдайды және бейбітшіл европалық мемлекеттердің Европа мен бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қамтамасыз етуге бағытталған күш-жігерін барынша қолдап отырады.

ПХЕНЬЯН, 16 май. (СОТА). Корей халқы европалық мемлекеттердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі кеңесінің қорытындыларын аса қанағаттанған сезіммен қарсы алды.

Бүгін КХДР орталық газеттері бұл оқыйғаға өздерінің басмақалаларын арнауда. «Нодон синмун» газеті Варшава кеңесі қабылдаған қарарлардың маңызын басмақалада сыйпаттай келіп, былай деп жазған:

Достық, ынтымақ және өзара көмек туралы договор, біріккен командование құру туралы қарар демократия мен социализм лагеріндегі елдердің бейбітшіл саясатының ізгі ниетті принциптерін бейнелейді. Договордың ең жарқын ерекшеліктерінің бірі мынада: бұл договор қайсыбір мемлекетке қарсы бағытталған жоқ және ол бейбітшілікті қорғау ісінде договорға қатысушылардың күш-жігеріне өздерінің күш-жігерін қосқысы келетін барлық мемлекеттердің кіруіне ашық болып отыр. Бұл договор теңдік, бір-бірін құрметтеу және ішкі істерге араласпау принциптеріне, барлық мемлекеттердің бейбітшілік пен хауіпсіздікті қорғауға бірлесіп күш жұмсауға міндеттеме алуына. барлық мемлекеттердің өзін-өзі қорғайтын заңды правосына негізделген.

Европадағы агрессияға қарсы кепілдік болып табылатын достық, ынтымақ және өзара көмек туралы договор европалық халықтардың мүдделерін ғана емес, сонымен бірге барлық азиялық халықтардың, оның ішінде корей халқының да мүдделерін білдіреді, Европадағы бейбітшілікті және Азиядағы бейбітшілікті бір-бірінен бөле қарауға болмайды. Корей халқы барлық

«ВАРШАВА ДОГОВОРЫ —БЕЙБІТШІЛІК ДОГОВОРЫ»

Берлиннің демократиялық баспасөзі Варшава кеңесінің нәтижелерін қызу мақұлдауда.

БЕРЛИН, 17 май. (СОТА), Европалық мемлекеттердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Варшава кеңесінің қарарларын Берлиннің демократиялық газеттері кеңінен түсіндіруде.

«Нейс дейчланд» газетінде «Варшава Договоры—бейбітшілік ісіне қосылған зор үлес» деген заголовокпен басмақала басылған. Мақалада Варшава Договорының принцип жағынан батыс державаларының Париж соғыс келісімдерінен түбірлі айырмашылығы бар екені көрсетілген және бұл договордың мейлінше бейбітшіл, демократиялық сыйпаты, оған қатысушылардың совет ұсыныстары негізінде жалпыевропалық коллективтік хауіпсіздік системасын құруға және жаппай қарусыздандыруға ұмтылып отырған талабы атап көрсетілген. Мақалада сонымен қатар неміс халқының өзінің бірлігі мен ұлттық тәуелсіздігін демократиялық және бейбітшілік негізде қалпына келтіру жолындағы күресі үшін Договордың аса зор маңызы бар екені де атап көрсетілген.

Варшава кеңесінің нәтижелері, деп жазған газет, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін күресін жатқан күштерді, олардың жеңіп шығатындығына сенімін нығайта түсті. Достық, баянды бейбітшілікті қамтамасыз ету саясатының маңызы күннен-күнге анағұрлым артып келеді.

Еркін неміс кәсіподақтары бірлестігінің органы—«Трибюне» газеті де Варшава Договорының және Варшава кеңесіне қатысушылардың Біріккен Командованиені құру туралы қарарының орасан зор тарихи маңызын атап көрсетуде.

ГДР премьер-министрінің орынбасары Отто Нушкенің «Нейе цейт» газетінде басылған мақаласы да Варшава кеңесінің нәтижелеріне арналған.

Бейбітшілік лагеріндегі сегіз мемлекет жасасқан Варшава Договорының тарихи маңызын, деп жазған автор, сөзбен айтып жеткізуге бола қоярма екен. Бұл тарихта теңдесі жоқ Договор. Ол халықаралық ынтымақтың мүлде жаңа рухына бөленген. ал оның негізгі маңызы мынада болып отыр: бұл Договор саяси салада өзара түсінісудің маңызды принциптеріне негізделген, бұл принциптер, әсресе Біріккен Ұлттар Ұйымының шеңберіндегі қарусыздандыру туралы Совет Одағының ұсыныстарында бейнеленген. Варшава Договоры—бейбітшілік Договоры болып табылады.

ГДР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ МӘЖЛІСІ

БЕРЛИН, 17 май. (СОТА). Неміс демократиялық баспасөзі Герман Демократиялық Республикасы Министрлер Советінің 1955 жылғы 16 майда болған мәжлісі туралы ГДР премьер-министрі жанындағы баспасөз ведомствосының хабарын жариялады.

Европалық мемлекеттердің Европада

Петропавл ауданының колхоздарында картоп отырғызу жаппай жүргізіле бастады. Быйыл Жамбыл атындағы колхозда 65 гектар, Пушкин атындағы колхозда 45 гектар картоп отырғызылмақ. Пушкин атындағы колхозда көзірдің өзінде 15 гектар, ал Жамбыл атындағы колхозда 9 гектардан астам картоп шаршы- ұялы әдіспен отырғызылды.

Д. ЯВОРОВ.

Қала спортшылары колхозшылар арасында

Қаладағы ерікті спорт қоғамдарының спортшылары облысымыздың ауыл-селоларындағы «Колхозшы» ерікті спорт қоғамының төменгі коллективтеріне көмекті барған сайын күшейтуде. Олар ауыл-село спортшыларына спорт жабдықтарын беріп, колхоз, МТС және совхоз жастарының спорттық шеберліктерін арттыра беруіне практикалық көмектер көрсете бастады.

Жақында қаланың оннан астам таңдаулы спортшылары Петропавл ауданының «Красный пахарь» колхозына барды. Петропавл аудандық физкультура және спорт комитетінің председателі Золотилин 1956 жылы өткізілетін ССРО халықтары спартакиадасына байланысты спортшылар алдында тұрған міндеттер жайында баяндама жасады. Баяндамадан кейін қала спортшылары гимнастика, бокс және штанга бойынша өздерінің өнерлерін көрсетті. Колхозшылар, әсресе боксшылар Семеновтардың, штангашылар Новиков пен Тасоевтың, гимнастар Кривоногова, Бралиндердің спорттық өнерлеріне риза болысты.

Бұдан кейін қала спортшылары колхозшыларға өздерінің спорттық өнерлерін арттыру жолындағы тәжрибелерін айтты, колхоз жастары арасында физкультура және спорт жұмыстарын өркендетудің жолдары жайында әңгімелесіп, өздерінің пікірлерін ортаға салды.

Колхозшылар қала спортшыларына бұдан былай да жиі келіп тұруына тілектестік білдірді.

В. ФИСЕНКО.

«Колхозшы» ерікті спорт қоғамы облыстық Советінің председателі.

„Ленин туының“ дабылынан кейін

„Жанжал пальтодан басталды...“

Газетіміздің үстіміздегі жылғы 27 марттағы номерінде осы тақырыпта фельетон жарияланған болатын. Онда Явленка совхозындағы жұмыспылар кооперациясының председателі В. Бугаев, магазиннің сатушысы Черненко жолдастар өздерінің қызмет бабын пайдаланып, магазинге түскен өтімді товарларды тамыр-таныстарына жасырын сатуды, ал кейбір товарларды артық баға қойып сатуды әдетке айналдырғандығы туралы жазылған-ды.

ҚКП Ленин аудандық комитетінің секретары Сәрсенбаев жолдас редакцияға мынаны хабарлады: фельетонда көрсетілген фактілер анықталды. Бугаев жолдас қызметінен босатылып, Черненко жолдасқа партиялық қатаң сөгіс жарияланды.

„САТУШЫЛАРДЫҢ ӨЗ МІНДЕТТЕРІНЕ САЙ ЖҰМЫС ІСТЕУЛЕРІ КЕРЕК“

Газетіміздің осы жылғы 29 марттағы номерінде осы тақырыпта жарияланған тілші хаттарына шолу жөнінде облыстық тұтынушылар одағы редакцияға: тексере келгенде мақалада көрсетілген фактілер анықталып, Приешім ауданындағы «Бостандық» колхозының № 3 бригадасындағы дүкеннің сатушысы Болатбаева, Пресснов ауданындағы Аманкелді атындағы колхоздың № 1 бригадасындағы дүкеннің сатушысы Самуратов жолдастарға ескерту берілді, ал келешекте аталған жолдастар тарапынан сауда принципін бұрмалау фактілері кездесетін болса, онда оларға қатаң жаза қолданылатындығы ескертілді, деп хабарлады. Ленин ауданындағы Қарағаш ауылының тұрғындарына тұрмысқа күнбе-күн қажетті товарларды үздіксіз сатып тұру жөнінде шаралар белгіленді.

„Күте тұрыңыз дейді“

«Ленин туының» үстіміздегі жылғы апрельдегі номерінде осы тақырыпта жарияланған мақала жөнінде бастауыш және орта мектеп қызметкерлері кәсіподағы облыстық комитетінің председателі Е. Колесникова жолдас мақалада көрсетілген фактінің расталғандығын, Октябрь ауданына бөлінген екі путевканың бірін Тайжанов жолдасқа беруге ұйғарылғандығын хабарлады.

ХАНОЙ, 16 май. (СОТА). Вьетнам информация агенттігінің хабарлауына қарағанда, Вьетнам Халық армиясы 15 майда Солтүстік Вьетнамның жағалаудағы ауданы —Бо-Сонға келіп кірген.

Сонымен, Хайфонның құрлықтағы барлық ауданы толығымен азат етілді.

Агенттіктің хабарлауына қарағанда, Хайфондағы және оның маңындағы аудандардағы өмір тезінен қалпына келтірілуде. Қалада қоршау жағдайы жойылып, жұртшылықтың еркін жүріп тұру бостандығы жарияланды. Француз одағы әскерлері оккупациясының соңғы күндері террормен, күшпен зорлап көшіруден бас сауғалап басқа жаққа кетіп қалған тұрғындар өз үйлеріне қайтып оралуда. Хайфон ерекше жанданған. Тұрғын халық Вьетнам Халық армиясының жауынгерлерін қызу құттықтауда.

Қала өмірі қалпына келтірілуде. Барлық мемлекеттік мекемелер, рыноктар, магазиндер, сол сияқты коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары жұмысқа қосылды.

Вьетнам Демократиялық Республикасы Министрлер Советінің Президент Хо Ши Миннің председательдік етуімен жуық арада болған мәжілісінде Хайфонның азат етілген ауданындағы кәсіпорындардың жұмысын қалпына келтіру және ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі шаралары қарастырылды.

Жапонияның қаруланыу

ШАНХАЙ, (СОТА). Жапон радиосының хабарына қарағанда, Жапонияның ұлттық қорғаныс басқармасы кеше кеңесшілер палатасы бюджет комиссиясының қарауына үстіміздегі бюджет жылына арналған «соғысқа қажетті қаржы бөлу» туралы баяндама тапсырған.

Баяндамада жаңа бюджет жылында соғыс қажеттеріне 72 миллиард иен қаржы бөлінуге тиіс деп көрсетілген. Мұның үстіне, баяндамада хабар етілгеніндей, «өзара қорғаныс туралы келісім» дейтінінің негізінде Құрама Штаттар Жапонияға 130 артиллерия зеңбірегін, 225 танк, 3 мыңға жуық пулемет, 236 соғыс самолетін, соның ішінде реактивтік истребительдер беретін көрінеді.

ИРАНҒА АРНАЛҒАН АМЕРИКАН САМОЛЕТТЕРІ

ТЕГЕРАН, (СОТА). «Кейхан» газетінің хабарлауынша, Иранның соғыс әуе күштері штабының бастығы генерал Гиляншах Иранға американ соғыс самолеттерінің алғашқы тобы келді деп мәлімдеген.

мен одақтастарды қамтып отырған [illegible] лагерьдің біртұтас бөлегі болып табыламыз.

Чехословак халқы Австрия мемлекеттік договорына қол қойылуын құттықтауда

ПРАГА, 16 май. (СОТА). Чехословакияның баспасөзі мен радиосы Венада Австриямен мемлекеттік договорға қол қойылғанына зор көңіл бөлуде. Австрияның тәуелсіз және демократиялық ел болуын әрқашан да тілеп келген чехословак халқы, деп жазған «Руде право» газеті басмақалада, договорға қол қойылуын шын ниетімен құттықтауда. Суверенді, демократиялық, бейтарап Австрия құру ісінің Австрия халқы үшін ғана орасан зор маңызы болып отырған жоқ. Бұл, сонымен, бірге Европада және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті нығайту ісінде алға басқан зор қадам, Европада саяси жағдайды орнықтыру жолында алға басқан қадам болып табылады.

Австрия мемлекеттік договорына қол қоюдың мүмкін болған себебі көбінесе сол, деп жазған «Руде право» бұдан кейін, Совет Одағы Австрия проблемасын бейбітшілікпен шешуді тездетуге орасан зор күш жұмсап келді. Газет былай деп атап көрсеткен: Совет Одағы 1945 жылғы апрельдің аяғында азат етілген Австрияның территориясында құрылған Австрияның уақытша үкметін біріші болып таныды. Содан бері Совет Одағы Австрияның ешқандай соғыс блоктерімен байланысты емес және өзінің территориясында шетелдік соғыс базалары болмайтын тәуелсіз, суверенді, демократиялық мемлекетке айналуы үшін он жыл бойы қажырлы күрес жүргізіп келді. Австрия халқының мүдделері үшін Совет Одағы сонымен бірге Батыс Германия тарапынан жаңа аншлюсс жасалу қатерінен Австрияны қорғау үшін күресін келді, ал Батыс Германияда милитаризм және кекшіл пиғылдар қайта тудырылып, онан сайын күшейтілуде.

Совет Одағы, деп жазған «Руде право», даулы мәселелерді, бұл мәселелер қандай қыйын болса да, халықтардың ұлттық праволары мен тәуелсіздігін құрметтей отырып, келіссөздер жүргізу жолымен шешуге өзінің ұмтылып отырғанын бүкіл дүние жүзіне тағы да айқын көрсетіп берді. Австрия мемлекеттік договоры — біздің заманымызда даулы мәселелерді «күш көрсету тұрғысынан» немесе «қырғыйқабақ соғыс» әдісімен шешуге болмайтындығының жаңа айғағы.

АВСТРИЯМЕН МЕМЛЕКЕТТІК ДОГОВОРҒА ҚОЛ ҚОЮ ТУРАЛЫ ИНДИЯДАҒЫ ЖАУАПТАР

ДЕЛИ, 17 май. (СОТА). «Хиндустан таймс» газетінің жазуына қарағанда, Делидегі ресми, сонымен бірге ресми емес топтар Австриямен мемлекеттік договорға қол қоюды құттықтауда. Олар оны «бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті нығайту ісіне көмектесетіндей халықаралық зор маңызы бар оқыйға» деп бағалауда.

ТАЯУ УАҚЫТТА ДЕЛИДЕ БОЛАТЫН ӨНЕРКӘСІП ЖӘРМЕНКЕСІ

ДЕЛИ, 18 май. (СОТА). Баспасөздің хабарлауына қарағанда, 14 ел, соның ішінде ССРО, Қытай Халық Республикасы, АҚШ пен Англия, үстіміздегі жылы 29 октябрьден 15 декабрьге дейін Делиде өткізілетін өнеркәсіп жәрменкесіне қатысуға көзірдің өзінде келісімдерін берді.

Бұл жәрменке Шығыс елдерінің тарихындағы ең ірі жәрменке болмақ. Жәрменкені Индия үкметінің қолдауымен Индияның, сауда және өнеркәсіп палаталарының федерациясы ұйымдастырады.

және біріккен командование құру туралы қарарды қызу құттықтап, қолдап отыр.

бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Варшава кеңесіне қатысқан ГДР үкмет делегациясының басшысы ГДР премьер-министрі Отто Гротеволь Варшава кеңесінің барысы мен нәтижелері туралы мәжілісте хабар жасаған. Ол Варшавада жасалған достық, ынтымақ және өзара көмек туралы Договордың мазмұнына егжей-тегжейлі талдау жасап, бейбітшілік ісі үшін, бейбітшіл халықтар арасында достық пен ынтымақты оныңәрі нығайту үшін бұл халықтар хауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Договордың зор маңызы бар екеніне назар аударған.

Министрлер Советі Варшава кеңесіне қатысқан ГДР үкмет делегациясының келіс сөздері мен мәлімдемелерін, сонымен қатар 1955 жылғы 14 майда жасалған достық, ынтымақ және өзара көмек туралы Договорға ГДР-дің қатысуын мақұлдап, Договорды ГДР халық палатасына беруге және оны бекітуді ұсынуға қарар қабылдаған.

ШАНХАЙДАҒЫ СОВЕТ КӨРМЕСІНДЕ 3,8 МИЛЛИОН АДАМ БОЛДЫ

ПЕКИН, 16 май. (СОТА). 15 майда ССРО-ның экономикалық және мәдени жетістіктерінің Шанхайдағы көрмесі жабылды. Көрме қаланың халқы арасында орасан көп табысқа ие болды. Көрмеге күн сайын Шанхайдың ондаған мың еңбекшілері келді. Көрмені көру үшін Цзян-су, Чжэцзян, Фуцзянь, Аньхуэй Хубэй провинцияларының қалалары мен селоларынан жұмысшылар мен шаруалар да Шанхайға келді. Екі айда совет көрмесінде 3,8 миллионнан аса адам болды.

Шанхайдың халықтық комитеті совет көрмесінің жабылуына байланысты кеше қабылдау жасады. Қабылдауда сөз сөйлеген қала мәрінің орынбасары Сюй Цзянго совет және қытай халықтарының мызғымас достығының белгісі болған көрмені Шанхай халқы әрқашан есінде сақтайды деп мәлімдеді.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

1955 жылдың екінші жартысына облыстық
„Ленин туы“ және „Ленинское знамя“
газеттеріне жазылушылар қабылдана бастады

Газеттерге Байланыс министрлігінің барлық конторларында, бөлімшелері мен агенттіктерінде, „союзпечать“ бөлімшелерінде кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, совхоздардағы, колхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық өкілдер арқылы жазылуға болады.

КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» кинотеатрында

«НАЗАР СТОДОЛЯ»

Сеанстар сағат 6, 7-40, 9-20 және 11-де басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«ЫЛАЙ СУЛАР АҒУДА»

Сеанстар сағат 7, 9 және 11-де басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орынбасары—1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп- транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39, газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00779.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.